

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 1 беті

### Дәріс кешені

**Пән:**

**Пән коды:**

**ББ атауы және шифры:**

**Оқу сағаты/кредит көлемі:**

**Оқу курсы мен семестрі:**

**Дәріс көлемі:**

**Фармакология**

**Farm 2202**

**6B10106– Фармация**

**180/6**

**2/3**

**15**

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 2 беті

Діріс кешені «Фармакология» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

**Хаттама № 11 « 10 » 06 2024ж.**

**Кафедра менгерушісі, ф.ғ.к., профессор м.а.**



**Тоқсанбаева Ж.С.**

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 3 беті

**Тақырыбы: №1 Кіріспе. Фармакология туралы түсінік. Дәрілердің фармакодинамикасы мен фармакокинетикасы. Фармакология ғылыми пән ретіндегі және оқыту пәні. Фармакологияның фармациямен, токсикологиямен және медико-биологиялық пәндермен байланысы. Даму тарихы, жетістіктері және перспективалары**

**Мақсаты.** Студенттерді фармакология пәнімен, фармакологияның қысқаша тарихымен, жаңа дәрілік құралдардың іздестіру бағыттарымен, фармакокинетика және фармакодинамика ұғымдарымен, фармакологиялық терминологиямен таныстыру.

**Дәріс тезистері.**

Фармакология – химиялық құрылымдардың тірі ағзалармен әсерлесуін зерттейтін ғылым. Негізінен фармакология әртүрлі ауруларды алдын-алу және емдеу үшін қолданатын дәрілік құралдарды игереді.

Фармакологияның негізгі міндеті – жаңа, тиімділігі жоғары дәрілік құралдарды іздестіру болып табылады.

Фармакология медико-биологиялық ғылым болғандықтан, зерттеу және практикалық медицинаның әртүрлі аймақтарымен байланыстыры өтеді зор.

Патология жағдайында адам ағзасына дәрілік заттардың әсер етуін клиникалық фармакология зерттейді.

Дәрі туралы ғылым – көне заманнан белгілі медициналық тәртіп болып есептелінеді. Алғашқы дәрілер көбінесе өсімдіктіктерден алынатын. X ғасырда Әмір сүрген Абу-Али Ибн Сина жазылымдарында өсімдік текті дәрілердің көп тізімі келтірілген. Бұл құралдардың кейбіреулері қазіргі уақытта да қолданады. Мысалы: камфора, ит жидек, қара күйе препараттары және т.б.

XVIII ғасырдың басында дәрігерлер өсімдік текті дәрілерден басқа да бейорганикалық дәрілік құралдарды қолданған. Медициналық практикада бейорганикалық заттарды бірінші болып Парацельс қолданған. Ол практикалық медицинаға: темір, сынап, қорғасын, мыс, мышьяк, күкірт қоспаларын енгізді.

XIX ғасырда ғылыми фармакологияның дамуы басталды. Бұл кезде өсімдік құралдардан олардың әсер етуші заттары таза түрінде бөлінді, синтетикалық жолмен затар жасалынды және дәрілік заттардың фармакологиялық қасиеттерін эксперименттік зерттеулері басталды.

XIX ғасырдың ортасында алғашқы эксперименттік фармакология лабораториялары ашылды. С.П. Боткин клиникасының фармакология лабораториясында жүрек гликозидтері, ыстықты түсіретін заттар, ащылар және т.б. зерттелінді.

Жаңа дәрілік құралдарды іздестіру бағыттары: I. Препараттардың химиялық синтезі: 1. Бағытталған синтез: А. Биогенді заттарды жасау; Б. Антиметаболиттерді жасау; В. Белгілі активтілігі бар құралдардың молекулаларын модификациялау; Г. Дәрілік құрал әсерлесетін субстраттың құрамын зерттеу; Д. Қажетті қасиеттері бар екі дәріні қосу; Е. Ағзадағы заттардың химиялық өзгерістерге ұшырауына байланысты, заттардың синтезін жасау. 2. Эмпирикалық жол: А. Кездейсоқтық әдіс; Б. «Скрининг» әдісі. II. Препараттардың дәрілік шикізаттардан алынуы және жекеленген заттардың бөлінуі: 1. Жануарлардан алынуы; 2. Өсімдіктерден алынуы; 3. Минералдардан алынуы. III. Санырауқұлақтардың және микроорганизмдердің әмір сүру өнімдерінен дәрілік заттардың алынуы.

Фармакологияны жалпы және жеке фармакологияға бөледі. Жалпы фармакология – дәрілік заттардың тірі ағзалармен байланыстырының жалпы заңдарын зерттейді. Жеке фармакологияда – фармакологиялық топтар мен жеке препараттар талқыланады. Екі бөлімде де негізгі назар фармакокинетика мен фармакодинамикаға аударылады. Фармакокинетика – заттардың сінірліуін, ағзада таралуын, метаболизмін және шығарылуын зерттейтін фармакологияның бір бөлімі (Сурет 1). Фармакодинамика – заттардың биологиялық эффектілерін, оладың жинақталуын, әсер ету механизмін, рецепторлермен байланысуын зерттейтін бөлім.

Дәрілердің емдеу немесе алдын-алу мақсатымен қолдануы оларды ағзаға енгізуден басталады. Енгізу жолына эффектінің даму жылдамдығы, оның ұзактығы байланысты болады.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 4 беті

Енгізу жолдарын екі түрге бөледі: 1) энтеральды жол (ас қорыту трактысы арқылы) 2) парентеральды жол (ас қорыту трактінен тыс).

Энтеральды жолдарға: ауыз қуысы арқылы, тіл астына, он екі елі ішекке және тік ішекке (ректальды) енгізу жолдары жатады.

Кейбір заттардың сінірлігі (абсорбциясы) ас қазанда өтеді, бірақ көбінесе дәрілік заттар аш ішектен сінірледі.

Сінірліу механизмдері (Сурет 2): 1) Пассивті диффузия – жасуша мембранның арқылы өтүі. Ол концентрация градиентіне байланысты болады. Бұл жолмен липофильді заттар өтеді; 2) Фильтрация – мембрана тұтікшілері арқылы өтүі. Ол гидростатикалық және осмостық қысымға байланысты болады. Бұл жолмен су, иондар және ұзақ гидрофильді молекулалар өтеді; 3) Активті транспорт – заттарды таңдаумен, екі заттың бір тасымалдаушы механизмге бәсекелесуімен, концентрация градиентіне қарсы тасуымен және энергияның шығындауымен сипатталынады. Бұл жолмен гидрофильді молекулалар, бей органикалық иондар, қанттар, аминқышқылдары өтеді; 4) Пиноцитоз – жасуша мембранның инвагинациясы болып, көпіршік немесе вакуоль түзіледі. Ол көпіршіктің ішінде сүйкіткіста араласқан дәрілік заттар болады. Көпіршік цитоплазмадан өтіп, жасуша ішіне экзоцитоз арқылы заттарды босатады.

Биотиімділік – препараттың алғашқы дозасына байланысты өзгермеген заттың мөлшерін көрсетеді. Энтеральды енгізу кезіндегі биотиімділік – заттың ас қорыту трактысынен сінірлігімен, бауыр бөгеті арқылы өкенде жоғалуымен байланысты болады. Күре тамырға енгізгенде биотиімділік 100 % деп алынады.

Парентеральды жолдарға: тері астына, бұлшық етке, күре тамырға, артерия ішіне, интерстирнальды (төске), күрсақ ішіне, ингаляциялық, миқабаттарына жатады.

Заттар сінірлігеннен кейін олар қанға сінірліп, әртүрлі мүшелер мен ұлпаларға таралады. Заттардың таралуына биологиялық бөгеттер әсерлерін тигіздеді. Оларға жасушалар қабырғасы, жасуша мембранны, гематоэнцефалды және плацентарлы бөгеттер жатады.

Дәрілік құралдар ағзада жасушаішілік және жасушадан тыс деполарда сақталынуды мүмкін. Экстрацелюларлы депода плазма белогын жатқызыуымен ұлпаларда таралады. Кейбір заттар дәнекер ұлпаларда, сүйек ұлпаларында жинақталынады. Майлы депода липофильді заттар сақталынады (мысалы, наркозға арналған дәрілер).

Дәрілік құралдар ағзада биотрансформацияға ұшырайды (дәрілердің химиялық өзгерістерге ұшырауы). Өзгерімеген күде көбінесе жоғары гидрофильді иондалған молекулалар шығарылады. Биотрансформацияның екі түрі бар: 1) метаболитті трансформация 2) конъюгация

Метаболитті трансформация – тотығу, тотықсыздану және гидролиз арқылы өтетін заттардың өзгеруі. Мысалы: тотығу арқылы – имизин, эфедрин, гистамин, фенацетин, кодеин, тотықсыздану арқылы – хлоралгидрат, левомицетин, нитразепам, гидролиз арқылы – новокаин, атропин, дитилин, ацетилсалицил қышқылы жүреді.

Конъюгация – биосинтетикалық процесс, яғни дәрілік затқа немесе оның метаболиттеріне химиялық топшалардың қосылуы. Мысалы, метилдену (гистамин), ацетилдену (сульфаниламидтер), глюкорон қышқылдымен қосылуы (морфин, оксазепам), сульфатану (левомицетин, фенол), глутатионмен қосылуы (парацетамол). Метаболиттік трансформация және конъюгация кезінде заттар суда жақсы еритін метаболиттер мен конъюгаттарға айналады. Бұл ары қарай заттардың ағзадан шығу процестерін жеңілдетеді және дәрілер өзінің биологиялық активтілігін жоғалтады. Дәрілер, олардың метаболиттерімен конъюгаттары негізінен несеппен және өтпен шығарылады. Бұйректе шумақ капиллярлар мембраннында фильтрация процесі өтеді. Бұл жолмен органикалық қышқылдар мен негіздер, пенициллиндер т.б. өтеді. Заттардың шығарылуы бүйрек тұтікшелерінде өтетін реабсорбция процесінен байланысты болады. Бұйрек клиренсі – біршама уақытта канның белгілі көлемінің тазартылу жылдамдығының көрсеткішін айтамыз. Кейбір препараттар және олардың өзгерілген өнімдері көп мөлшерде өтпен ішекке, одан экскременттермен шығарылады. Олар жартылай ішек-бауыр циркуляциясына түсін мүмкін. Газ тәрізді және ұшқыш заттар өкпемен шығарылады. Кейбір препараттар сілекей бездерімен


<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19 28 беттің 5 беті
Дәріс кешені «Фармакология»	

(йодидтер), тері бездерімен (лепраға қарсы дәрі – дитофал), асқазан бездерімен (хини, никотин), ішек бездерімен (органикалық қышқылдар), жас бездерімен (рифампицин) шығарылады. Кейбір заттар (ұйықтататын дәрілер, анальгетиктер, этил спирті, никотин) лактация кезінде сүт бездерімен шығарылады. Жартылай өмір периоды ( $t_{1/2}$ ) – заттың қан плазмасындағы мөлшерінің 50%-ға төмендеу уақытын көрсетеді. Оны білу заттардың дұрыс дозалануына қажетті.

Заттың қолданған жерде пайда болған әсерін – жергілікті әсер деп атайды. Мысалы, бүркеуіш заттар шырышты қабықты жауып, афферентті жүйкелердің қозуын азайтады. Заттың сінірліп, жалпы қан айналымына, одан кейін ұлпаларға түскеннен кейінгі басталған әсерін резорбтивті әсер деп атайды.


Жергілікті және резорбтивті дәрілердің әсері тікелей немесе рефлекторлы болуы мүмкін. Тікелей заттардың ұлпалармен қосылған жерінде пайда болады. Рефлекторлы әсерде заттар экстеро–немесе интерорецепторларға әсер етіп, солар арқылы атқарушы мүшелердің жағдайын өзгертеді. Мысалы, күре тамырға енгізілетін лобелин препараты каротидті шумакта орналасқан хеморецепторлерді қоздыру нәтижесінде рефлекторлы түрде тыныс алу орталығын қуаттандырады да, тыныстың көлемін және жиілігін жоғарылатады.

### Иллюстрациялы материалдар:



Сурет 1.

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 6 беті



Сурет 2.

### Әдебиет: 1-Қосымша

#### Қорытынды сұрақтары (көрі байланысы):

1. Дәрілердің енгізуіндегі пероральдың жолының артықшылығы неде?
2. Қандай дәрілік түрлердің пероральдың қабылдайды?
3. Ішек қарын трактысында дәрілердің сінірлігінде тамақ қалай әсер етеді?

### Тақырыбы: №2 Холинергиялық дәрілер. Адренергиялық дәрілер.

**Мақсаты:** Студенттерді эфферентті иннервацияға әсер ететін дәрілермен таныстыру.

Холинергиялық дәрілермен уланғанда көмек беру шараларымен таныстыру.

Адренергік дәрілердің фармакологиялық қасиеттерімен таныстыру.

#### Дәріс тезистері.

Шеткерлік жүйке жүйесі жүйкелерден және ганглийлерден тұрады. Шеткерлік жүйке жүйесінің афферентті және эфферентті бөліктерін ажыратады. Мүшелерден және ұлпалардан ОЖЖ-інен қозуды өткізетін жүйке талшықтары-афферентты (сезімталды) деп аталынады. ОЖЖ-інен мүшелер мен ұлпаларға қозуды өткізетін жүйке талшықтары-эфферентты деп аталынады. Осыған байланысты афферентты және эфферентты шеткерлік жүйке жүйелеріне әсер ететін фармакологиялық құралдарды айырады.

Ацетилхолин холинергиялық жүйке талшықтардың ұштарынан бөлініп клетка мембранныңдағы рецепторларды қоздырады. Бұл рецепторларды холинрецепторлар деп атайды. Холинрецепторларды қоздыратын заттар - холиномиметиктер, ал тежейтін холинблокаторлар деп аталынады.

Ацетилхолиннің әсері өте қысқа, себебі ацетилхолинэстераза ферментты оның гибролизын шақыртады. Ацетилхолинэстеразаның бөгетін шақыратын заттар - антихолинэстеразды деп аталынады. Әртүрлі синаптардың холинрецепторлардың фармакологиялық заттарға сезімталдықтары бірдей емес. Парасимпатикалық жүйке талшықтардың ұшарының қасындағы мүшелер және ұлпалар клеткаларының холинрецепторлары мускаринның (мухомор санырауқұлағының алкалоиды) қозу әсеріне сезімтал. Бұндай рецепторлар M-холинрецепторлар (мускаринсезімтал холинрецепторлар) деп аталынады.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 7 беті

Эфферентты иннервацияның басқа холинорецепторлары никотинге (шылым алкалоиды) жоғары сезімтал, сондықтан оларды H-холинорецепторлар (никотин сезімтал рецепторлар) деп атайды.

М-холиномиметикалық заттар мүше және ұлпа клеткаларының М-холинорецепторларын қоздырады. М-холиномиметикалық заттардың әсерінен көздің қарашығының тарылуы, жүректің жиырылуының азауы, қан тамырлардың кеңеюі, АҚ-ның төмендеуі, бронх бұлышық еттерінің тонусы жоғарылауы, ИҚТ-ның, қуыктың перисталькасының күшеюі, без секрециясының (сілекей, бронх, ИҚТ бездерінің) күшеюі болады.

М-холиномиметикалық құралдардан медицинада пилокарпин және ацеклидин қолданылады.

Дозасы асып кеткенде сілекей ағыы, іш өтгі пайда болады. М-холиномиотиктермен уланғанда М-холиноблокаторларды қолданады (атропин).

Н-холинорецепторлер симпатикалық және парасимпатикалық ганглийлерде, синокаротидты аймақта, бүйрек үсті қыртысының хромаффинды клеткаларында, қаңқа бұлышық еттерінде және ОЖЖ-де орналасады.

Н-холиномиметикалық құралдарға цитизин және lobelin препараттары жатады. Құрамына және қасиеттеріне байланысты никотинге үксас, бірақ ұлылығы томен. Никотин медицина практикасында қолданылмайды (ұлы зат).

Цитизин және лобелинді куре тамырға енгізген кезде, синокаротидты аймақта орналасқан холинорецепторларды қоздырып, рефлекторлы түрде тыныс орталығын қуаттандырады да, тыныс жиі және терең болады. Колданылуы: 1) нәрестелердің асфиксиясында, көмір қышқыл газымен уланғанда, хирургиялық операция кезінде тыныстың тежелінуінде, кейбір дәрілік заттармен уланған кезінде (үйқұтататын, наркозға арналған құралдар) 2) темекі тартуға қарсы күресінде қолданылады (табекс, лобесил, анабазин, гамебазин, никотинел ТТЖ.).

Антихолинэстеразды құралдар өзінің атын ацетилхолинэстераза ферментінің бөгетін жасау қасиетіне байланысты алды. Бұл фермент ацетилхолиннің ыдырануын шақыртады. Антихолинэстеразды құралдар синапстардағы ацетилхолинэстеразаның бөгетін жасап ацетилхолиннің ыдырануын азайтып, оның әсерін қүшейтіп, ұзартады. Сонымен, антихолинэстеразды құралдарды енгізген кезде, фармақологиялық эффектілер эндогенды ацетилхолиннің әсеріне байланысты болады. Бұл кезде: көз қарашығының тарылуы, көз ішілік қысымының төмендеуі, аккомодация спазмы, брадикардия, АҚ-ның төмендеуі, ішкі мушелердің тонусының жоғарылауы (ИҚТ, бронхтардың, қуыктың) без секрециясының жоғарылауы, қанқа бұлышық еттерінің тонусының жоғарылауы пайда болады.

Жалпы қолдануға қарсы көрсеткіштері: Эпилепсия, бронх демікпесі, стенокардия, брадикардия, паркинсон ауруы.

Антихолинэстеразды құралдарға әртүрлі фосфорорганикалық қосылыстар жатады. Олар қайтымсыз түрде ацетилхолинэстеразаны тежейді (“фосфакол” глаукомада, басқалары инсектицидты заттар ретінде қолданылады). Олар уланудың себептері болуы мүмкін. Оның симптомдары: миоз, терлеу, сілекей ағу, бронхоспазм, брадикардия, қозу және т.б. Бұл симптомдар парасимпатикалық иннервацияның қозуымен байланысты, сондықтан парасимпатикалық иннервациясының бөгетін жасау қажет. Бұл мақсатпен холиноблокаторларды – атропинды (куре тамырға 2-4 мл 0,1% ертінді) және холинэстеразаның реактиваторларын қолданады. Оларды бірінші тәулікте енгізеді, 2-ші тәулікте енгізсе токсикалық эффектілерді шақырту мүмкін (бауырға және жүрекке).

М-холиноблокаторлар (МХБ) ОЖЖ-гі, мүшелер мен ұлпалар клеткаларындағы М-холинорецепторлерді тежейді. МХБ парасимпатикалық жүйке жүйесінің ішкі мүшелері мен бездерге әсерін тежейді. *Әсер ету механизмі.* Ацетилхолиннің рецепторлеріне конкурентті антагонизмін көрсетіп, ацетилхолиннің рецепторлермен әсерлесуі тежелінеді. Ацетилхолиннің синтезіне, шығарылуына, гидролизіне әсер етпейді. МХБ жүректің жиырылуын жиілетеңі, көз қарашығын кеңейтеді, аккомодация параличін пайда етеді, бронхтардың, ИҚТ-ның бұлышық еттерінің тонусын төмендетеді. Бездер секрецияларын азайтады.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 8 беті

H – холиноблокаторлар. Вегетативті ганглийлердің, синокаротидті аймақтың және бүйрек үсті заттың H – холинорецепторлердің, жүйке – бұлшық ет синаптардың H – холинорецепторлерінен айырмашылығы болғандықтан H – холиноблокаторлар екі топқа бөлінеді: 1) ганглиоблокаторлар – вегетативті ганглийлердің, синокаротидті аймақтың және бүйрек үсті қыртысының H – холинорецепторлерін тежейтін дәрілер 2) куаратәрізді дәрілер (миорелаксанттар) – жүйке – бұлшық ет синаптардың H – холинорецепторлерін тежейтін дәрілер.

Ганглиоблокаторлар. Ганглиоблокаторлар өздерінің атын вегетативті ганглийлерде қозу өтүн т жеуеші әсеріне байланысты алды. Бұл заттардың симпатикалық және парасимпатикалық ганглийлердің т жеуемен байланысты мүшелер мен ұлпаларға симпатикалық және парасимпатикалық жүйке жүйесінің әсері де тежелінеді.

Медицина практикасында ганглиоблокаторлардың негізінен гипотензивті әсері қолданылады. Гипертензивті криздер кезінде тері астына және бұлшық етке бензогексоний және пентамин препараттары енгізіледі. Әсерлері бірнеше минуттан кейін басталынып, 2-3 сағатқа созылады.

Ультрақысқа әсерлі ганглиоблокаторларды – гигроний және арфонадты (10-15 минут) – күре тамырға тамшылатып – басқарылатын гипотензия үшін қолданады (хирургиялық операция кезінде артериялық қысымды төмен денгейде қажетті уақыт бойы ұстау). Кейбір кезде эндоarterиттерде, асқазан және 12 елі ішетің жара ауруында, екпе ісінуінде қолданады. *Жанама әсерлері:* ішектің атониясы, ортостатикалық коллапс, ауыз қуысының құрғауы, тез үйренгіштіктің пайда болуы.

Куаратәрізді дәрілер. Куаратәрізді дәрілер жүйке – бұлшық еттерінің синаптарының H – холинорецепторлерін т жеуе нәтижесінде қаңқа бұлшық еттерінің босаңсуы пайда болады. Әсер ету механизміне байланысты оларды екі топқа бөледі: 1) антидеполяризациялық дәрілер 2) деполяризациялық дәрілер.

Антидеполяризациялайтын дәрілер. Тубокурарин хлориді (тубарин) жатады. Бұл заттың күре тамырға енгізуінен кейін қаңқа бұлшық еттерінің босаңсуы пайда болады. Бұлшық еттер келесі кезекте босаңсиды: мойын бұлшық еттері, кол, аяқ бұлшық, дene бұлшық еттері, соңғы кезекте тыныс алу бұлшық еттері, ол тыныстың тоқталуына әкелу мүмкін. Әсер ету ұзақтығы 30-40 минут. *Әсер ету механизмы:* Тубокурарин бұлшық еттердің H – холинорецепторлердің бөгетін жасап олардың ацетилхолинмен қозуын тежеиді. Сондықтан ацетилхолин бұлшық еттердің деполяризациясын пайда етпейді. Бұл топқа анатруксоний, алкуроний хлориді, панкуроний бромиді (павулон), векуроний бромиді (норкурон), пипекуроний бромиді, атракуриум препараттары жатады.

Антагонистер ретінде антихолинэстераздық дәрілер (прозерин, галантамин) қолданады.

Деполяризациялайтын дәрілер. Кең қолданатын суксаметоний йодид немесе хлориді (дитилин, листенон) препараты болып табылады.

Куаратәрізді дәрілер хирургияда қаңқа бұлшық еттерінің босаңсұтында, жүрекке және өкпеге өткізілетін операцияларда. Қысқа уақыт әсер ететін дәрілер қысқа уақыт жүргізілетін операцияларда (шығып кеткен қол, аяқтарды орнына салу, сынықтарды орнына келтіру, интубацияларда) қолданады. Кейбір кезде сіріспеде (столбняк) және стрихнинмен уланған кезде қолданады. *Жанама әсерлері:* артериялық қысымның төмендеуі (тубокурарин) немесе жоғарылауы (дитилин), тахикардия, аритмиялар (дитилин), бронхоспазм (тубокурарин), қаңқа бұлшық еттердің ауырсынулары (дитилин).

M, N – холиноблокаторлар. Бұл топқа орталық және шеткерлік M, N – холинорецепторлерді тежейтін дәрілер жатады. Циклодол (тригексифенидил гидрохлорид) – Паркинсон ауруын емдеу үшін қолданады. *Жанама әсерлері:* ауыз қуысының құрғауы, тахикардия, аккомодацияның бұзылуы, ішек тонусының төмендеуі, ОЖЖ – не әсер (қозу, галлюцинациялар).

Шеткерлік иннервацияда адренергтік талшықтардан эффекторлы клеткаларға импульстардың берілуінде норадреналин медиаторы қатысады. Адренергиялық аксондар эффекторлы клеткаларға келіп, жүйке ұштарының функциясын атқаратын, варикозды түйіндері бар жіңішке торға таралады. Варикозды түйіндерде визуулаларда (көпіршіктерде) норадреналин медиаторы бар. Жүйке импульсына жауап ретінде норадреналиннің синаптикалық қуысқа бөлініү және постсинаптикалық

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 9 беті

мембраналарының адренорецепторлерімен (АР) әсерлесуі пайда болады. АР сезімталдығына байланысты α және β – адренорецепторлерге бөлінеді. α<sub>1</sub>-АР α<sub>1</sub> және α<sub>2</sub>-адренорецепторлерге бөлінеді. α<sub>1</sub>-АР постсинаптикалық, ал α<sub>2</sub>-АР пре-және постсинаптикалық жинақталынады. Пресинаптикалық β<sub>2</sub>-АР де табылған. Олар α<sub>2</sub>-АР қарағанда көрісінше норадреналиннің бөлінуін қуаттандыратын оң байланысын тигізді. Тері, бүйрек және ішек тамырларында, ИКТ сфинктерлерінде, көк бауырда α-АР орналасады. Ал жүректе, бронх бұлышық еттерінде, қанқа бұлышық еттерінің тамырларында β-АР орналасады. Норадреналиннің адренорецепторлерге әсері қысқа. Бұл медиатордың 75-80% адренергиялық талшықтардың ұштарымен көрі ұсталуымен және оның депонирленуімен байланысты. Бос норадреналиннің катаболизмі митохондрияларда орналасқан моноаминооксидазамен (МАО) реттелінеді. Жүйке ұштарынан бөлінген норадреналиннің метаболизмі – катехол – о –метилтрансфераза (КОМТ) көмегімен өтеді.

α,β – адrenomиметиктер. Адреналин – фенилалкиламиндер тобына жатады. Бүйрек үсті безінің хромафинді клеткаларында орналасатын биогенді катехоламин. Адреналин синтетикалық жолмен және малдардың бүйрек үсті безінен алынады. Тікелей α және β - адренорецепторлерді қуаттандырады. *Фармакологиялық эффектілері:* 1. Жүректің жиырылу күшін жоғарылатады 2. Жүректің жиірілу жиілігін жоғарылатады 3. Алғашқы рет енгізгенде артериялық қысым жоғарылады, себебі α<sub>1</sub> – АР әсер көрсетеді (күре тамырға енгізгенде 5 минут), содан соң артериялық қысым төмендейді, себебі β<sub>2</sub> – адренорецепторлерге ұзақ қозу әсерін көрсетеді 4. Көз қараышығын көнестеді, көз ішілік қысымды төмендетеді 5. Бронхтардың β<sub>2</sub> – АР қоздырып, бронхтардың бұлышық еттерін босаңсытады, бронхоспазмды жояды 6. ИКТ тонусымен моторикасын төмендетеді 7. Гликогенолизді және липолизді қуаттандырады 8. ОЖЖ қоздырады (қозу, мазасыздық, трепор, құсу орталығының қуаттануы). Ауыз құысы арқылы енгізгенде адреналин ИКТ және бауырда бұзылады. *Қолдануы:* 1. Анафилактикалық шокта 2. Бронхолитик ретінде (бронх демікпесінің ұстамасын басу үшін) 3. Гипогликемиялық комада (диабетке қарсы дәрілермен пайда болғанда (инсулин)) 4. Кейбір кезде пресорлы дәрі ретінде артериялық қысымды көтеру үшін (көбінесе норадреналин және мезатон қолданады) 5. Анестетиктермен бірге енгізгенде анестезияны қүштейтеді, ал резобтивті және токсикалық әсерлері төмендейді 6. Атриовентрикуляры блок және жүректің тоқтауында интракардиальды қолданады 7. Көз түбін зерттеуде және ашықбұрышты глаукомада. *Жанама әсері:* жүрек ритмінің бұзылуы, тахикардия, бас ауру, мазасыздық, трепор.

α - адrenomиметиктер. Мезатон. *Оның эффектілері:* 1. артериялық қысымның жоғарылауын шок, коллапс кезінде қолданады. Жүректің жиырылу жиілігін жоғарылатпайды, әсері күре тамырға енгізгенде 20 минут, тері астына енгізгенде 40 минут сақталынады. Рефлекторлы брадикардияны пайда етеді 2. Мұрын тамырларын тарылтады – жергілікті енгізгенде қабынуды азайтады (риниттерде тамшы түрінде) 3. көз қараышығын көнестеді – көз түбін зерттеу үшін қолданады 4. Көз ішілік қысымды төмендетеді – ашық бұрышты глаукомада тамшы түрінде қолданады. Норадреналинге қарағанда тұрақты және ішке қабылдауға қолданады.

β - адrenomиметиктер (β<sub>1</sub>β<sub>2</sub> – адrenomиметиктер). Изадрин - β-АР тікелей қуаттандыруши әсер көрсетеді. β<sub>1</sub> және β<sub>2</sub> - АР қоздырады. *Эффектілері:* 1. Жүректегі β<sub>1</sub> – АР қоздырып, жүректің жиырылу күшін және жиілігін жоғарылатады: а) брадиаритмияларда және атриовентрикуляры блок кезінде таблетка түрінде тілдің астына енгізеді б) жанама әсер – тахикардия пайда етеді 2. Тамырдағы β<sub>2</sub> – АР қоздырып, артериялық қысымның төмендеуін пайда етеді. 3. Бронхтардағы β<sub>2</sub> – АР қоздырып, бронхтардың кеңеюіне әкеледі. Бронх демікпесінің ұстамасын жою үшін қолданады, бірақ орципреналинге және фенотеролға қарағанда тиімділігі төмен. Аэрозоль түрінде тәулігіне 8 ретке дейін, әсері 1 минуттан кейін басталады. 4. Жатырдағы β<sub>2</sub> – АР қоздырып, жатырдың босаңсыын пайда етеді: а) түсік қаупінде қолданады б) босанудың алдында қолдануға болмайды. 5. ОЖЖ қуаттандырады. *Жанама әсері:* тахикардия, жүректің аритмиялары, трепор, бас ауру.

β<sub>2</sub> – Адреномиметиктер. Оның екі негізгі қасиеттері бар: а) бронхтардағы β<sub>2</sub> – АР әсер етуіне байланысты бронхтарды көнестіп, бронх демікпесінде қолданады б) жатырдағы β<sub>2</sub> – АР әсер етуіне байланысты жатырды босаңсытып, ерте басталған туудың қаупінде қолданады.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19 28 беттің 10 беті
Дәріс кешені «Фармакология»	

$\beta_1$ -адреномиметиктер. Добутамин – жүректегі  $\beta_1$ -АР әсер етіп, жүректің жиырылу күшін және жиілігін жоғарылатады. Кардиотоникалық дәрі ретінде хирургиялық операция кезінде күре тамырға тамшылатып енгізеді.

Симпатомиметиктер. Эфедрин – эфедра өсімдігінің алкалоиды.  $\alpha$  және  $\beta$  – АР тікелей емес (медиатор арқылы) әсер етеді. *Әсер ету механизмі:* 1) варикозды түйіндерге әсер етіп, медиатордың (норадреналиннің) бөлінуін пайда етеді 2) АР тікелей әлсіз әсер етеді 3) медиатордың нейрональды кері ұсталуын төмендетеді. Эффектілері: 1) жүректің жұмысының қуаттандырады 2) артериялық қысымды жоғарылатады 3) көз қараышының кеңейтеді (аккомодацияға және көз қысымына әсері жоқ) 4) ішектердің перистальтикасын төмендетеді 5) қанқа бұлышық еттерінің тонусын жоғарылатады 7) гиперкликемияны пайда етеді. *Қолдануы:* бронхолитик ретінде кейбір кезде артериялық қысымды жоғарылату үшін, риниттерде (тамшы түрінде), атриовентрикуляры блокадада, офтальмологияда – көз түбін зерттеу үшін.

$\alpha$  - адреноблокаторлар. Негізгі әсері – қан тамырларын кеңейту. *Қолдануы:* 1) артериялық қысымды төмендету үшін 2) шеткерлік қан айналымның бұзылысында (Рейно ауруы – шеткерлік майда артериялардың зақымдануы, мигрень) қолданады.

$\alpha_1\alpha_2$  – адреноблокаторлар. Қан тамырларын кеңейтіп, артериялық қысымды төменгедетеді. Пресинапикалық  $\alpha_2$  – АР тәжеууші әсеріне байланысты тахикардияны пайда етеді.

$\alpha_1$  – адреноблокаторлар. Празозин – постсинапикалық  $\alpha_1$  – АР әсер етуінен норадреналиннің шығуы болмайды, сондықтан тахикардия болмайды. *Қолдануы:* 1) гипертоникалық ауру 2) жүрек жетімсіздігі 3) шеткерлік қан айналымның бұзылысы 4) қуық асты безінің аденоомасы (зәр шығуын жақсартады).

$\beta$  – адреноблокаторлар. Олардың негізгі әсерлері: 1) антигипертензивті 2) антиаритмиялық 3) антиангинальды.

$\beta_1\beta_2$  – адреноблокаторлар. *Фармакологиялық әсерлері:* 1)  $\beta_1$  – адренорецепторлерге әсер етіп, жүректің жиырылу жиілігі мен күшін төмендетеді, миокардтың оттегіне деген қажеттілігі төмендейді (антиангинальды әсер) 2)  $\beta_2$  – АР әсер етеді: а) бронх тонусын жоғарылатады (қолдануға қарсы көрсеткіші – бронх демікпесі болып табылады) б) жатыр тонусын жоғарылатады (қолдануға қарсы көрсеткіші – жүктілік болып табылады) в) тамырлардың тарылуы, бірақ артериялық қысым төмендемейді, себебі жүректің жұмысы азайып, қаннның аз мөлшері тасталады г) көз ішілік қысым төмендейді (тимолол – глаукомада қолданады) д) липолиз төмендейді – гипертриеоз кезінде қолданады.

$\beta_1$  – адреноблокаторлар.  $\beta_2$  – адренорецепторлерге әсері жоқ, сондықтан бронхоспазмды және жатырдың жиырылуын пайда етпейді.


$\alpha$  және  $\beta$  – адреноблокаторлар. Лабетолол – жүректің жиырылу жиілігіне әсер етпей, тез антигипертензивті әсер көрсетеді. Ішке таблетка түрінде және күре тамырға гипертоникалық криздерде қолданады. Науқас жатқан кезде ғана енгізіледі, себебі өте тез артериялық қысым төмендеп кетеді. Әсері 8-10 сағатқа дейін созылады.

Симпатолитиктер.  $\alpha$  және  $\beta$  – АР тежейді. *Әсер ету механизмі.* Синапстардан медиатордың бөлінуін төмендетеді. Резерпин – раувольфия өсімдігінің алкалоиды. *Фармакологиялық әсерлері:* 1) артериялық қысымды біртіндеп төмендетеді, ішке қабылдағаннан кейін әсері бірнеше тәулікке дейін созылады – гипертоникалық ауруды емдеу үшін және гипертоникалық криздерді алдын-алу үшін қолданады 2) брадикардияны пайда етеді 3) ақсазанның моторикасын және секрециясын жоғарылатады (ульцирогенді әсер – жарапарға әкелу мүмкін) 4) ОЖЖ тежейді (тыныштандыратын және антипсихотикалық әсер.

**Иллюстрациялық материалдар:**



<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 12 беті



### Әдебиет: 1- Қосымша

#### Қорытынды сұрақтары (көрі байланыс):

- Холинэстераза реaktivatorларының жанама эффектілерімен қарсы көрсеткіштері қандай?
- Холиноблокаторлардың жанама эффектілері қандай?
- Холиномиметиктер және холинэстераза реaktivatorларымен уланған кездегі симптомдары қандай?
- Адренорецепторлердің қандай түрлерін білесіз?
- «Адреномиметикалық дәрілерге» қандай препараттар жатады?
- «Адреноблокторлық дәрілерге» қандай препараттар жатады?

### Кредит №2

**Тақырыбы: №1 ОЖЖ – не әсер ететін дәрілер. Ұйықтатын дәрілер. Тырысуға, эпилепсияға қарсы дәрілер. Анальгетиктер.**

**Мақсаты:** Студенттерді үйықтататын дәрілердің қасиеттерімен, олардың жағымсыз әсерлерімен, олармен уланған кезде көмек беру шараларымен таныстыру. Студенттерді наркотикалық анальгетиктермен таныстыру. Наркотикалық анальгетиктермен уланғанда көмек беру шараларымен таныстыру.

**Дәріс тезистері.** Ауырсыну – ағзаның тітіркендіргіштерге жауап реакциясы. Ауырсыну – барлық ағзада таралған, ол афферентті жүйке ұштарында орналасқан – ноцицепторлермен қабылданады. Ағзадан тыс (экзогенді) ауырсынуды пайда ететін факторларға: термиялық, механикалық, химиялық факторлар жатады. Ағзаның ішіндегі (эндогенді) факторларға: қабыну медиаторлары брадикинин, гистамин, серотонин жатады. Простагландиндер – ноцицепторлердің тітіркендіргіштерге сезімталдығын жоғарылатып, ауырсыну сезімін пайда етеді. Ауырсынудың маңызы: 1) жағымды, яғни қабыну процесінің орналасу орнын көрсетеді 2) жағымсыз, яғни қатты ауырсынуды баспаса ол шокқа, ал ол өлімге де әкелу мүмкін. **Анальгетиктер** – тандамалы ауырсыну сезімталдығын жоятын препараттар тобы. Басқа сезімталдықтың түрлеріне әсер етпейді. **Анальгетиктер үш топқа бөлінеді:** 1) Орталық әсерлі опиоидты (наркотикалық) анальгетиктер; 2) Орталық әсерлі опиоидты емес анальгетиктер; 3) Шеткерлік әсерлі (наркотикалық емес) анальгетиктер.

**Наркотикалық анальгетиктер.** Әсер ету механизмі: ОЖЖ – де ораналасқан опиатты рецепторлермен байланысып, ауырсыну сезімін төмөндөтеді. Опиатты рецепторлермен әсерлесу принциптеріне байланысты келесі топтарға бөлінеді: 1. Агонистер – опиатты рецепторлермен

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19 28 беттің 13 беті
Дәріс кешені «Фармакология»	

байланысып, ауырсыну сезімін төмендететін дәрілер: морфин (словальгин), омнопон (пантопан), фентанил (сентанил), трамадол (трамал), промедол (тримеперидин гидрохлориді), пиритрамид, эстоцин; 2. Агонист-антагонистер – агонистерді рецепторлер байланыстырынан ажыратып, өздері байланысады да, ауырсынуға қарсы әсер көрсетеді: А) анальгетик ретінде – пентазоцин (лексир), бупренорфин (норфин), нальбуфин (нубаин); Б) агонистермен уланғанда – налорфин; В) диареяға қарсы – лоперамид гидрохлориді

3. Антагонистер – агонистерді рецепторлер байланыстырын бұзып, өздері рецпторлердің бөгетін пайда етеді: налоксон, налтрексон. *Агонистердің жалпы қасиеттері:* 1) Орталық әсерлер: а) ауырсынуды жояды б) ОЖЖ тежелінуі (сопақша мидағы орталықтардың тежелінуі) в) эйфория г) үйренгіштік д) физикалық және психикалық дәріге тәуелділік; 2) Шеткерлік әсерлер: а) ИКТ – на әсері б) қуықтың бұлышық еттеріне әсері в) бронхтарға әсері. Морфин – опий алкалоиды. Өте күшті ауырсыну сезімін жояды. Орталық әсерлері: 1) анальгетикалық әсер (ауырсыну жойылады) 2) тыныс алу орталығы тежеледі (дозасы асып кеткенде, тыныс тоқталу мүмкін) 3) жөтөл орталығының тежелуі 4) құсық орталығының тежелуі 5) аштық орталығының тежелуі (тәбеттің төмендеуі) 6) жылу реттегіш орталықтың тежелінуі (дене температурасының төмендеуі) 7) үйқының пайда болуы 8) көз қымыл жүйкениң қозуы (миоз пайда болады) 9) кезеген жүйке орталығының қозуы (брадикардия) 10) тамырқозгалтқыш орталыққа әсері жоқ., артериялық қысым өзгермейді. *Шетерлік әсерлері:* 1) ИКТ сфинктерлерінің тонусының жоғарылауы (іштің қатуына әкеледі); 2) Аскорыту бездерінің секрециясының төмендеуі; 3) Қуық сфинктерлерінің тонусының жоғарылауы (зәр шығуын қындалатады); 4) Бронхтар тонусының жоғарылауы (бронхоспазмға әкеледі).

*Агонистердің жалпы қолдануы:* жаракаттар, миокард инфактісі, тууды жансыздандыру, премедикация, операциядан кейінгі кезеңде, онкологиялық ауруларда.

**Пентазоцин.** Анальгетикалық активтілігі төмен, үйренгіштікті және дәріге тәуелділікті аз пайда етеді. Жанама әсері: құсу, жүрек айну, бас айналу, тыныстың тежелінуі. **Нальбуфин,** бупренорфин – пентазоцинге қарағанда күштілігі жоғары, күре тамырға енгізгенде морфинге теңеседі. **Налорфин** – агонистердің барлық эффектілерін азайтады агонистермен уланған кезде қолданады). Күре тамырға, бұлышық етке, тері астына енгізіледі. Наркомандарға енгізгенде абстиненция синдромын пайда етеді (диагностика үшін). **Лоперамид** – орталық эффектілері жоқ. ИКТ-ның перистальтикасын төмендетеді. Іштің өтуінде, балаларға да ішке белгіленеді. **Налоксон.** Бұлышық етке, күре тамырға енгізгенде әсері 1-3 минуттан басталынып, 4 сағатқа дейін сақталынады. **Қолдануы:** 1) наркотикалық анальгетиктердің дозасы асқанда 2) бензодиазепиндердің, барбитураттардың дозасы асқанда 3) алкогольмен уланғанда 4) наркоздан шығуды жеңілдету үшін 5) дәріге тәуелділіктің диагностикасында. **Налтрексон.** Активтілігі жоғары, әсері 24-48 сағат, морфинизмді емдеу үшін қолданады.

**Опиоидты емес анальгетиктер:** 1) *Орталық әсерлі α₂ - адrenomimetikter:* клонидин (клофелин) морфинге қарағанда анальгетикалық активтілігі жоғары. Тынысты тежемейді, дәріге тәуелділікті пайда етпейді. Жедел және созылмалы ауырсынуларда тиімді; 2) *Антидепрессанттар:* амитриптилин, имзин – созылмалы ауруларда, фантомды ауырсынуларда (аяқ – қол жоқ жерде), онкоауруларда қолданады; 3) *Эпилепсияға қарсы дәрілер:* карbamазепин, натрий валпроаты – созылмалы ауырсынуларда, үштік жүйке невралгиясында, онкоауруларда қолданады.

**Наркотикалық емес анальгетиктер:** 1) **Анальгетик - антипиретиктер:** парацетамол және оның препараттары (цитрамон), кеторолак трометамин; 2) Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілер тобындағы анальгетиктер: а) салицилаттар: ацетилсалациил қышқылы (аспирин), метилсалациилат, месалазин, натрий салицилаты б) пиразолондар: метамизол (анальгин), барагин, бутадион (фенилбутазон). *Әсер ету механизмі.* Простагландиндердің синтезін тежейді (простагландинсинтетаза ферментіне әсер етеді) – ауырсыну сезімі төмендейді, температура төмендейді, қабынуға қарсы әсер көрсетеді. Парацетамол. Қабынуға қарсы активтілігі жоқ препарат. Көбінесе анальгетикалық және ыстықты түсіретін препарат ретінде қолданады. ИКТ – нан жақсы сінірледі. **Қолдануы:** невралгияда, бас ауруында, қызба кезінде ыстықты түсіру үшін.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 14 беті

**Жанама әсері.** \_Ұзақ қолданғанда бауыр және бүйрек функцияларын бұзады. Улы дозаларда – анемия, тері зақымданулары байқалады. Кеторолак трометамин. Тек қана анальгетикалық әсер көрсетеді, ыстықты түсіретін және қабынуға қарсы активтілігі жоқ. Анальгетикалық күші наркотикалық препараттарға тең. **Қолдануы:** бас және тіс ауырсынуларында, невралгияда, жарақаттарда, күйіктеге, онкоауруларда, операциядан кейінгі кезеңдерде. **Жанама әсері:** ісінүлер, бауыр және бүйрек функцияларының бұзылуы, қыскы курстармен енгізіледі. Метилсалицилат. Бұлшық ет және буындардың ауырсынуларында жергілікті қолданады. Месалазин. Спецификалық емес жара колитінде және басқа ауруларда қолданады. Анальгин. Анальгетикалық, қабынуға қарсы және ыстықты түсіретін қасиеттерге ие. **Қолдануы:** қан жасалу жүйесінің тежелінуі (агранулоцитоз, лейкопения), аллергиялық реакциялар. Баралгин. Құрамында анальгин, спазмолитик, ганглиоблокатор бар спазмолитикалық қасиетке ие препарат. Спазмдар кезінде, бүйрек, ішек және бауыр шанышмаларында, бас, тіс ауырсынуларында, ревматизмде қолданады.

### Иллюстрациялы материалдар: Электронды слайд

#### Әдебиет: 1-Қосымша

#### Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. «Ұйықтататын дәрілер» қалай жіктеледі?
2. Ұйықтататын дәрілерге қандай талаптар қойылады?
3. Бензодиазепин туындысындағы дәрілерге қандай фармакологиялық эффектілер тән?
4. Анальгетиктердің қандай ерекшеліктерін білесіз?
5. Морфиннің әсер ету механизмі қандай?
6. Бейнаркотикалық анальгетиктердің әсерінің механизмі қандай?

#### Тақырыбы: №2 Психотропты дәрілер

**Мақсаты:** Студенттерді психотропты дәрілердің фармакологиялық сипаттамаларымен таныстыру.

**Дәріс тезистері.** Антипсихотикалық препараттар. Жіктелуі. Препараттардың фармакологиялық эффектілері. Бензодиазепиндік рецепторларға әсер ететін дәрілер (транквилизаторлар). Жіктелуі. Препараттардың фармакологиялық эффектілері. Седативті дәрілер. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері. Антидепрессанттар. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері. Психоқуаттандырыш дәрілік құралдар. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері. Ноотропты дәрілердің фармакологиялық эффектілері, қолдану көрсеткіштері және қолдануға қарама-қарсы көрсеткіштері. Аналептиктер. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі.

Препараттардың жанама әсерлері

### Иллюстрациялы материалдар: Электронды слайд

#### Әдебиет: 1-Қосымша

#### Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Типтік антипсихотикалық препараттар.
2. Атиптік антипсихотикалық препараттар.
3. Транквилизаторлар, олардың фармакологиялық эффектілері. Қолданылуы.
4. Седативті өсімдік текстес дәрілер.
5. Антидепрессанттар. Жіктелуі, әсер ету механизмі.

### Кредит №3

#### Тақырыбы: №1 Антисептикалық және дезинфекциялық дәрілер.

**Мақсаты:** Студенттерді антисептистермен дезинфекциялық заттармен таныстыру.

**Дәріс тезистері.** Микробқа қарсы қасиеттерге ие дәрілік құралдарды екі топқа бөледі. Бірінші топқа таңдамалы микробқа қарсы әсерге ие емес препараттар жатады. Оларға антисептистермен дезинфекциялық заттар жатады.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 15 беті

Антисептиктерді негізінен беттік ұлпаларға сыртқа жағады. Концентрациясына байланысты олар бактериостатикалық әсер етеді. Дезинфекциялық құралдар медициналық құралдарды, аппаратураларды, бөлмелерді, ыдыстарды, науқастардың бөлінулерін залалсыздандыру қолданады. Олар бактерицидті концентрацияда қолданады.

Антисептикермен дезинфекциялық құралдар микроорганизмдер, қарапайымдылар және саңырауқұлақтар қатынасында кең спектрлі әсерге, жоғары белсенділікке ие болуы керек.

Антисептикерге қойылатын негізгі талап: ұлпаларға жергілікті теріс әсерінің жоқтығы, енгізген жерден сінірлудің аздығы, аллергиялық әсерінің жоқтығы және уыттылықтың төмен болуы болып табылады.

Дезинфекциялық заттар өндөлетін заттарды закымдамау керек. Антисептикер белсенділігін бағалаудың критеріи фенолды коэффициент болып табылады.

Әртүрлі антисептикермен дезинфекциялық заттардың әсер ету механизмі бірдей емес және ақзаттардың денатурациясымен, плазматикалық мембранның өткізгіштігінің бұзылысымен, микроорганизмдердің өмір сүруіне маңызды ферменттердің тежелуімен байланысты.

Химиялық түрде препараттар келесі топтарға жатады: 1) детергенттер: церигель 2) бигуанидтер: хлоргексидин 3) нитрофуран туындылары: фурацилин 4) фенолмен оның туындыларының топтары: таза фенол, резорцин, қайын қара майы 5) бояғыштар: брилиант жасылы, метилен көгі, этакридин лактаты 6) галлогенқұрамды қосылыстар: Б хлорамині, йодтың спиртті ерітіндісі 7) метал қосылыстары: сынал дихлориді, күміс нитраты, мырыш тотығы, сары сынал тотығы, мыс сульфаты, мырыш сульфаты 8) тотықтырғыштар: сутек асқын тотығының ерітіндісі, калий перманганаты 9) Альдегидтермен спирттер: формальдегид ерітіндісі, этил спирті 10) қышқылдармен негіздер: бор қышқылы, аммиак ерітіндісі.

**Иллюстрациялық материалдар:** электронды слайд

**Әдебиет:** 1-Қосымша

**Бақылау сұраптары (көрі байланыс):**

1. Дезинфекцияға арналған дәрілер қалай жіктеледі?
2. Антисептикалық құралдар қалай жіктеледі?
3. Антисептикер мен дезинфекциялық құралдарға қандай талаптар қойылады?

**Тақырыбы: №2 Химиотерапиялық дәрілер. Антибактериалды дәрілер. (Антибиотиктер)**

**Мақсаты:** Студенттерді антибактериалды антибиотиктермен таныстыру.

**Дәріс тезистері.**

Инфекциялық және паразиттік ауруларды химиотерапевтикалық дәрілермен емдеуі “химиотерапия” терминімен белгіленеді.

Антибактериалық химиотерапиялық дәрі-дәрмектер екі негізгі қасиетпен сипатталады:

- қоздырғыштардың белгілі бір түрлеріне таңдамалы әсерімен;
- адам мен жануар ағзасына улы әсерінің төмендігімен.

Антибиотиктер – микроорганизмдердің өсіп өнуін тоқтататын немесе оларды жоятын әсері бар биологиялық текстес және химиялық қосылыстар.

Медицинада қолданылатын антибиотиктер:

- актиномицеттерден (сәулелі саңырауқұлақтармен),
- өнездік саңырауқұлақтардан
- кейбір бактериялардан өндіріледі

Антибактериалды химиотерапевтикалық дәрілерге келесі топтар жатады: 1) антибиотиктер 2) сульфаниламидті препараттар 3) химиялық құрылышы әртүрлі синтетикалық антибактериалды дәрілер 4) мерезге қарсы дәрілер 5) туберкулезге және лепраға қарсы дәрілер

*Антибиотиктер деп* – микроорганизмдерге таңдамалы зақым келтіретін немесе жоятын биологиялық тексті химиялық құралдарды айтады. Медициналық практикада қолданатын

<b>ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 16 беті

антибиотиктер микроорганизмдерден және саңырауқұлақтардан алынады. Кейбір препараттар синтетикалық және жартылай синтетикалық жолмен алынады.

Антибиотиктердің жіктелуінде әртүрлі принциптер қолданылады. Біріншіден антибиотиктерді химиялық құрылышына және қасиеттеріне байланысты жіктейді: 1) пенициллиндер 2) цефалоспориндер 3) макролидтер 4) тетрациклиның 5) аминогликозидтер 6) хлорамфеникол тобы 7) полимиксиндер 8) линкозаминдер.

Микробтарға қарсы спектрі бойынша келесі топтарға бөлінуі мүмкін: 1) грам он микрофлораға әсер ететін антибиотиктер (бензилпенициллиндер, эритромицин тобының препараттары) 2) әсер ету спектрі кең антибиотиктер (цефалоспориндер, тетрациклиның, левомицетин препараттары, аминогликозидтер) 3) грам теріс микрофлораға әсер ететін антибиотиктер (полимиксиндер).

Антибиотиктер әсеріне байланысты бактериостатикалық (микроорганизмдердің өсіп дамуын тежейтін) немесе бактерицидті (микроорганизмдердің өлімін пайда ететін) эффект көрсетеді.

Антибиотиктер әсер ету механизмдеріне байланысты да бөлінеді: 1) бактериялардың клетка қабырғасының синтезін бұзады (пенициллиндер, цефалоспориндер) 2) цитоплазмалық мембранның өткізгіштігін бұзады (полимиксиндер) 3) клеткаішілік белок синтезін тежейді (тетрациклиның, левомицетин тобы, аминогликозидтер, макролидтер) 4) РНК синтезін бұзады (рифампицин).

Пенициллиндер. Жіктелуі: 1) табиги пенициллиндер 2) изоксазолилпенициллиндер 3) аминопенициллиндер 4) карбоксипенициллиндер 5) уреидопенициллиндер. Барлық пенициллиндердің фармакодинамикасы бірдей. Олар микробтардың қабырғасының түзілуін митоз кезінде бұзады. Бактерицидті әсер көрсетеді.

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайд

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұраптары (кері байланыс):**

1. «Антибактериалды антибиотиктер» қалай жіктеледі?
2. Антибиотиктердің әсер ету механизмдері қандай?
3. Антибиотиктерге қойылатын талаптар қандай?

**Тақырыбы: №3 Туберкулезге қарсы дәрілер. Вирустарға қарсы дәрілер**

**Мақсаты:** Студенттерді вирустарға қарсы және туберкулезге қарсы дәрілермен таныстыру.

**Дәріс тезистері.**

*Туберкулезге қарсы құралдардың жіктелуі*

1. Химиялық құрылымына байланысты (синтетикалық және антибиотиктер)
2. Қатарлар бойынша (1 қатар-негізгі, 2 қатар – резервты препараттар)
3. Эффективтілігіне (тиімділігіне) байланысты.

I. Эффективтілігі жоғары құралдар

1. синтетикалық - изониазид (тубазид, эутизон)
2. антибиотиктер – рифампицин (бенемид, рифадин)

II. Эффективтілігі орташа құралдар

1. синтетикалық - этамбутол, пиразинамид, этионамид, протионамид
2. антибиотиктер – стрептомицин сульфат, канамицин, циклосерин, флоримицин

III. Эффективтілігі төмен синтетикалық құралдар

Натрий парааминосалицилаты (ПАСК). Тиоацетазон.

Изониазид изоникотинқышқылының гидразид тобының өкілі. Клетка ішіндегі туберкулез микобактериаларына қарсы активтілігі өте жоғары. Әсер ету механизмі: микобактериялардың клетка қабырғасын құрайтын миколь қышқылдарының синтезіне керекті ферменттерді тежейді. Бактерицидты немесе бактериостатикалық эффект көрсетеді. Стрептомицин және рифампицинге

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 17 беті

карағанда микобактериялардың тұрақтылығы жәй дамиды. ИКТ жақсы сінеді, ұлпалы бөгеттерден, клеткаларға және жүлін ми сұйықтығына өтеді. Максимальды концентрациялары қан плазмасында 1-2 сағаттан кейін жиналады. Изониазидтың метаболизмінің ацетилдеу реакциясы генетикалық факторларға байланысты болады. Негізгі шығарылу жолы бүйрекпен. Изониазидты туберкулездің барлық түрлерінде қолданады және активті процесс кезінде этамбутолмен, рифампицинмен және стрептомицинмен бірге белгіленеді. Ішке кейбір кезде ректальды енгізеді тәулігіне (300 мг-ға дейін).

#### Жанама әсері:

- Пиридоксиннің метаболизмінің өзгеруіне байланысты (невриттер, көз жүйесінің зақымдануы) түзеді, сондықтан В<sub>6</sub> (пиридоксин) және В<sub>1</sub> (тиамин) бірге беру керек.
- ОЖЖ-не әсер етеді (үйқысыздық, тырысулар, психикалық бұзылыстар).
- Диспепсия (жүрек айну, құсу, іш кату).
- Женіл анемия
- Аллергиялық реакциялар (қызба, терінің зақымдануы, эозинофилия).

**Рифампицин.** Туберкулез емдеуде пероральды күніне 600 мг-ға дейін енгізіледі. Рифампицинді қыстырылған түрде изониазидпен, эталбутолмен және басқа препараттармен енгізеді. Рифампицинның лепра кезінде де активтілігі бар, оны сульфондармен бірге енгізеді.

**Этамбутол (диамбутол, миамбутол)** – синтетикалық препарат. Энтеральды енгізгенде активтілігі изониазидке тең. Микобактериялардан басқа микроорганизмдерге әсер етпейді. **Әсер ету механизмы** – микобактерияның РНК синтезін тежейді де, бактериостатикалық әсер көрсетеді. Микобактериялардың тұрақтылығы жай дамиды. ИКТ арқылы сінірлігі толық емес. Максимальды концентрациялары 2-4 сағаттан кейін жиналады. Негізінен бүйрекпен бірінші тәулік бойы шығарылады, 20% ішекпен шығарылады. **Қолдануы** – туберкулездің барлық түрлерінде изониазидпен және рифампицинмен қыстырылған түрінде тәулігіне 25 мг/кг дозасында қолданылады. **Жанама әсері** - көру қабылетінің бұзылуы: көрудің төмендеуі, көз жүйесінің невриті, көз торының зақымдануы. Бұл әсерлер емдеуді тоқтатқаннан кейін қалпына келеді.

**Резервті препараттардың қолданылуы:** 1) I қатардағы препараттарға тұрақтылық пайды болғанда 2) Әсерлерінің жетіспеушілігі 3) Негізгі препараттарды көтере алмаушылықта.

**Циклосерин.** Актиномицеттермен өндірілетін және синтетикалық жолмен алынатын антибиотик. Әсер ету спектрі кең. Клеткаішілік және клеткадан тыс орналасқан микобактерияларға әсер етеді. Жоғары концентрацияларда басқа микроорганизмдерге де әсер етеді. **Әсер ету механизмы.** Клетка қабырғасының түзілуіне қажетті D-аланин дипептидінің синтезін тежейді. Бактерицидті әсер көрсетеді. Тұрақтылық жай дамиды. ИКТ-нан жақсы сінірліп, қан плазмасында 2-4 сағаттан кейін максимальды концентрациясы жиналады. Препаратты ішке басқа препараттармен бірге енгізеді. Терапевтикалық дозасы 0,25 г. **Жанама әсері:** 1) жүйке-психикалық бұзылыстар (бас ауру, бас айналу, трепмор, тырысулар, қозу немесе депрессия, психоздар) 2) диспепсия 3) аллергиялық реакциялар

#### *Вирустарға қарсы дәрілер*

**Вирустар** – клеткаішілік паразиттер. Олар адам ағзасының клеткаларының метаболизміне қатысады. Вирустарға қарсы дәрілердің терапевтикалық әсерінің кеңдігі аз. Вирустардың репликациясы бірнеше этаптардан тұрады: 1) клетка үстіне абсорбциясы және енуі ( $\gamma$ -глобулин, адамантандар) 2) құрылымсыз белоктардың синтезі (гуанидин) 3) РНК немесе ДНК синтезі (рибавирин, ацикловир, зидовудин, идоксуридин, видарабин) 4) құрылымды белоктардың синтезі (пуромидин) 5) вирустық бөліктердің жиналуы (метисазон).

Практикалық маңызды деп келесі вирустарға қарсы құралдар есептелінеді:

1) тұмауға қарсы препараттар 2) ұшыққа және цитомегаловирустарға қарсы препараттар 3) АИВ (адамның иммунодефицитті вирусы) әсер ететін дәрілер 4) кең спектрлі препараттар (интерферондар мен инерфероногендер).

#### *Тұмауга қарсы дәрілер*

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19 28 беттің 18 беті
Дәріс кешені «Фармакология»	

Оларға оксолин, мидантан, ремантадин, дейтифорин, арбидол препараттары жатады.

**Мидантан, ремантадин.** РНК бар миксовирустарға әсер етіп, олардың клеткаға енүін төмендетеді және вирустық геномның клеткада бөлінуін тежейді. ИКТ жақсы сінірледі. Негізінен бүйрекпен шығарылады. Ішке таблетка түрінде 1 таблеткадан тәулігіне 2-3 рет белгіленеді. **Колдануы:** Тұмауды алдын-алу және емдеу үшін (аурудың алғашқы екі тәулігінде). **Жанама әсері:** Орталық жүйке жүйесіне әсер етеді (атаксия, қозғыштық, үрей, галлюцинациялар, психоз, трепор), диспепсия, аллергия.

*Ұшыққа және цитомегаловирустарға қарсы препараттар*

Оларға ацикловир (зовиракс), идоксуридин (керецид), риодоксол, хелепин, флақозид, теброфен жатады.

**Ацикловир.** Вирустың ДНК-полимеразасын тежейді. ИКТ жақсы сінірледі. Максимальды концентрациясы 1-2 сағаттан кейін жиналады. **Колдануы:** карапайым ұшық, әртүрлі ұлпалардың ұшықпен зақымдалуында (көз, гениталийлер, тері) ішке, күре тамырға, жергілікті қолданады. **Жанама әсері:** тітіркендіргіш әсер, бүйрек функциясының бұзылуы, жүрек айну, құсу, артериялық қысымның төмендеуі (гипотензия).

*Адамның иммундық вирусына (ВИЧ) әсер ететін дәрілер*

Оларға азидотимидин (зидовудин, ретровир), ганцикловир (цимевен) жатады.

**Азидотимидин.** Вирустардың қайтымды ДНК транскриптазасын тежейді. ИКТ-нан жақсы сінірледі, гематоэнцефалды бөгеттен жақсы өтеді, метаболизмі бауырда өтеді. Бүйрекпен шығарылады. Терапевтикалық эффект емдеудің басынан 6-8 ай сақталынады. **Жанама әсері:** гематологиялық бұзылыстар (анемия, нейтропения, тромбоцитопения), бас ауруы, үйқысыздық, бүйрек функциясының бұзылуы. Капсула түрінде ішке тәулігіне 6 рет енгізеді. **Колдануға қарсы көрсеткіші:** жүктілік, лактация

**Ганцикловир.** Адамның иммундық вирусында, иммунитетті төмендету үшін (мүшелерді орын алмастырғанда). **Жанама әсері:** қан көрінісінің бұзылуы, флебиттер, бауыр функциясының бұзылуы.

*Кең спектрлі препараттар*

**Интерферондар** ( $\alpha, \beta, \gamma$  – интерферондар). Әсер ету механизмі: РНК-ны тежейтін ферменттердің түзілуін пайда етеді. Гематоэнцефалды бөгеттен өтпейді. Бұлшық етке, күре тамырға, жергілікті қолданады. **Колдануы:** ұшықты алдын-алу, ұшықты кератит, тері және жыныс мүшелердің ұшықпен зақымдануы, жедел респираторлы вирусты инфекциялар, гепатит, катерлі ісіктер. **Жанама әсері:** қызба, бас ауруы, миалгия, аритмия, орталық жүйке жүйесі функциясының бұзылуы, үлкен дозада қан жасалудың тежелінуі, аллергиялық реакциялар.

**Иллюстрацияларды материалдар: электронды слайдтар**

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Туберкулез ауруының этиологиясы қандай?
2. Туберкулез микобактериясына туберкулезге қарсы дәрілердің түрақтылық дамуының алдын-алудың шаралары қандай?
3. Туберкулезге қарсы дәрілерге қойылатын талаптар қандай?
4. Вирустармен пайда болатын қандай ауруларды білесіздер?
5. Вирусты аурулардың этиологиясы қандай?
6. Вирусты ауруларды алдын-алу шаралары қандай?

**Тақырыбы: №4 Қарапайымдыларға қарсы дәрілер. Құрттарға қарсы дәрілер.**

**Мақсаты:** Студенттерді қарапайымдыларға және құрттарға қарсы дәрілермен таныстыру.

**Дәріс тезистері.** *Безгекті алдын-алатын және емдейтін дәрілер.* Безгектің қоздырығышы плазмодий болып табылады. Безек плазмодийдің дамуының екі циклі бар: жыныссыз (шизогония) адам ағзасында, жынысты (спорогония) масса денесінде өтеді. Масса шаққан кезде адам ағзасына спорозоидтар түсіп, бауыр клеткаларына енеді. Бауырда (плазмодийдің преэритроцитарлы түрлері

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 19 беті

пайда болады). Олар бөлініп, ұлпалы мерозоидтар пайда болады. Мерозоидтар қанға түсіп, эритроциттерге еніп, эритроцитарлы түрлеріне айналады. Эритроциттердің бұзылып, олардан мерозоидтардың қанға шығуы қызба ұстасымен сипатталынады.

Эритроцитарлы мерозоидтардың жартысынан әйел және ерекк жыныс клеткалары (гамонттар) түзіледі.

#### *Жіктелуі*

1. Плазмодийлердің преэритроцитарлы түрлеріне әсер ететін дәрілер (өзіндік химиопрофилактикасы үшін қолданатын): хлорохин (хингамин), мефлохин
2. Плазмодийлердің эритроцитарлы түрлеріне әсер ететін дәрілер (емдік мақсатында қолданатын): хлорохин (хингамин), пираметамин (хлоридин), гидроксихлорохин, сульфален, дапсон, сульфадиметоксин
3. Гамонтотропты дәрілер (қоғамдық химиопрофилактикасы үшін қолданатын): пираметамин (хлоридин), примахин дисфосфаты
4. Плазмодийлердің паразитарлы түрлеріне әсер ететін дәрілер (безгектің алыс рецидивтерін алдын-алу үшін қолданатын): примахин дифосфаты

*Хингамин* негізінен плазмодийлердің эритроцитарлы түрлеріне әсер етеді. Басқа препараттарға қарағанда бұл әсері өте жоғары. Плазмодийлердің хингаминге тұрақтылығы жай дамиды. Амебаларға қарсы, иммунодепрессивті және аритмияға қарсы әсерлер көрсетеді. ИКТ – наң тез және толық сінірледі. Максимальды концентрациялары 1-2 сағаттан кейін жиналады. Заттың жартысы қан белоктарымен байланысады. Ағзадан баюу шығарылады. Концентрациясының 50%-ға азауы 3 тәуліктен байқалады. Бүйрекпен шығарылады. Препараттың 70% ағзадан өзгерілмеген түрде шығарылады. Хингаминді безгектің барлық түрлерінде, ішкенден тыс амебиазда, коллагеноздарда (ревматизм, ревматоидты артрит), жүрек ритмінің бұзылысын алдын-алу үшін қолданады. Көбінесе ішке, сирек – парентеральды енгізеді. *Жанама әсерлері* – көбінесе препаратты ұзақ уақыт қабылдаған кезде дерматиттер, диспепсия, бас айналу, ауыр асқынулар – көз көруінің бұзылуы, сирек – лейкопения, бауыр функциясының бұзылуы. *Аналогтары*: галохин, гидроксихлорохин. *Хлоридин* – дигидрофоль қышқылының алмасуын бұзатын заттарға жататын препарат. Ұлпаларда сақталынып, ұзақ уақыт әсер көрсетеді. Әсерінің жай басталуына байланысты хлоринді өзіндік профилактикада қолданады. Безгек плазмодийлердің тұрақтылығы тез дамиды. Сульфаниламидтермен бірге безгекті және токсоплазмозды емдеуге қолданады. Ішке 0,01 г. 1 таблеткадан тәулігіне 2-3 рет қабылдайды. Гематоизотропты активтілікке сульфаниламидтер мен сульфондар ие. Олардың тиімділігі парааминонензой қышқылын плазмодийлермен сінірліуін тежеуге байланысты. Сульфаниламидтерден – сульфазин, сульфапиридин, сульфален қолданады. Сульфондардан – дапсон қолданылады. *Примахин* – плазмодийлердің паразитарлы түрлеріне тежеуші әсер көрсетеді және жыныс түрлеріне де әсері бар. ИКТ жақсы сінірледі. Қанда максимальды концентрациясы 2 сағаттан кейін байқалады. Ағзада тез химиялық бұзылыстарға ұшырайды. Бүйрекпен шығарылады. *Жанама әсерлері*: диспепсия, метгемоглобинурия, лейкопения, сирек агранулоцитоз. Энзимопатиясы бар адамдарда (глюкозо 6 – фосфатдегилрогеназа жетімсіздігінде) гемолиз және гемоглобинурия болуы мүмкін.

*Амебиазды емдейтін дәрілер*. Амебиаздың қоздырғышы – амебалар болып табылады. Амебиаз кезінде көбінесе тоқ ішек зақымданады (амебалық дизентерия). Бірақ жүйелі амебиаз да болуы мүмкін. Олар гепатиттің, бауыр, өкпе және басқа мүшелердің абцестерінің себебі болуы мүмкін.

#### *Жіктелуі*

1. Амебалардың барлық жерде орналасқан кездегі тиімді дәрілер: метронидазол (трихопол), тинидазол (фазижин)
2. Бауырдағы және ішек қабырғасында орналасқан амебаларға әсер ететін дәрілер: эметин гидрохлориді
3. Бауырда орналасқан амебаларға әсер ететін дәрілер: хлорохин (хингамин)

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 20 беті

4. Ішек қабыргасында және қуысында орналасқан амебаларға тікелей емес әсер ететін дәрілер: тетрациклин гидрохлориді

Ішек және ішектен тыс амебиаз кезінде тиімді *метронидазол* болып табылады.

Эметин – ипекакуана өсімдігінің тамырының алкалоиды. Дәрілік препарат ретінде эметин гидрохлориді қолданады. Бұлшық етке енгізіледі, себебі ішке қабылданса, ИКТ –на құшті тітіркендіргіш әсер көрсетеді. Негізінен бауырда және ішек қабыргасында орналасқан амебаларға әсер етеді. Ішек қуысында орналасқан амебаларға әсер етеді. Ішек қуысында орналасқан амебаларға әсері жоқ. Препарат өте ұзақ (бір айдан астам) бүйрекпен шығарылады. *Жанама әсерлері*: тахикардия, аритмиялар, гипотония, жүрек аймағының ауырсынуы, жүрек айну, іштің өтуі, құму, бұлшық еттердің әлсіздігі, трепор, невралгия, бауыр, бүйрек функциясының бұзылыстары. Амебалардың өмір сүруін қамтамасыз ететін бактерияларға тежегіш әсер көрсету нәтижесінде тетрациклиндер де амебалардың өсуін және дамуын тежейді.

*Лямблиозды емдейтін дәрілер.* Лямблиоздың қоздырғышы лямблизилер болып табылады. Олар көбінесе ішектің дисфункциясын (дуоденит, энтерит) пайда етеді. Лямблиозды емдеу үшін метронидазол, аминохинол, тинидазол, нифурател қолданады.

Аминохинол – хинолин туындысы болып табылады. Лямблиозда, токсоплазмазда және кейбір коллагеноздарда тиімді. Жақсы қабылданады. *Жанама әсерлері*: диспепсиялық бұзылыстар, бас ауру, аллергиялық реакциялар.

*Трихомонадозды емдейтін дәрілер.* Трихомонадоз – *Trichomonas vaginalis* қоздырғышымен шақырылады. Оның әсерінен эйелдерде - колыпіт және вульвовагинит, еркектерде - уретрит пайда болады.

*Метронидазол (флагил, клион, трихопол, вагимид)* – нитроимидазол туындысы болып табылады. Ол трихомонадаларға, амебаларға, лямблизилерге әсер етеді. Одан басқа анаэробты микроорганизмдерге де әсері бар. ИКТ –нан жақсы сінірледі. Химиялық өзгерістерге ұшырайды. Негізінен бүйрекпен шығарылады. Аз мөлшерде сілекей бездерімен, ішкепен, сүт бездерімен де шығарылады. Метронидазолды ішке және жергілікті белгілейді. Жақсы қабылданады. *Жанама әсерлері*: диспепсиялық бұзылыстар (тәбеттің бұзылуы, ауыздағы металлдың дәмінің пайда болуы, жүрек айну, диарея), ОЖЖ – нің бұзылуы (трепор, координацияның бұзылуы), сирек терінің зақымдануы. Нитроимидазолдар тобына *тинидазол* (*фазижин*) препаратын жатқызамыз. Ол трихомонадаларға, амебаларға және лямблизилерге әсер етеді. Анаэробтарға бактерицидті әсер көрсетеді. ИКТ –нан жақсы сінірледі. Метронидазолға қарағанда ұзақ уақыт әсер көрсетеді. 0,5 г – нан 4 таблеткасын 1 рет қабылдайды.

*Токсоплазмозды емдейтін дәрілер.* Токсоплазмоздың қоздырғышы *Toxoplasma gondii* болып табылады. Токсоплазмоз – жүйке және лимфа жүйесінің, бауырдың, жүректің, ас корыту трактысының, көз көру мүшелерінің зақымдануымен өтетін созылмалы ауру. Негізгі препараттар: хлоридин, хингамин, сульфадимезин.

*Лейшманиозды емдейтін дәрілер.* Лейшманиоздың екі түрі бар: 1) тері лейшманиозы 2) висцеральды лейшманиозы. Тері лейшманиозы кезінде пентамидин, метронидазол, мономицин қолданылады. Висцеральды лейшманиозы кезінде пентамидин, солюсурьмин қолданылады.

Мономицин – аминогликозид тобындағы антибиотик. Әсер ету спектрі кең. Бұлшық етке енгізіледі. *Жанама әсері* – бүйрекке әсер етеді және есту жүйесінің невритін пайда ету мүмкін. Пентамидин – бұлшық етке 4-5 мл натрий хлоридінің ерітіндісімен құн ара. Солюсурьмин – күре тамырға тәулігіне 2 рет енгізіледі. *Жанама әсері* – жүрек айну, бас ауру, тері бөртпелері, сирек – агранулоцитоз.

Құрттарға қарсы (антигельминтті) дәрілер деп адам ағзасынан құрттардың шығаруына қолданатын дәрілік препараттарды айтамыз. Құрттар үш класқа бөлінеді: 1) нематодтар (домалақ құрттар). Оларға: аскаридалар (аскаридоз), үшкір құрттар (энтеробиоз), анкилостомидалар (анкилостомидоз), ішек құрттары (стронгилоидоз), филярилер (филяриатоз) жатады 2) цестодалар (жалпақ құрттар). Оларға: жалпақ құрт (дифилоботриоз), қаруланған тізбекті құрт (тениоз), қаруланбаған тізбекті құрт (тениаринхоз), кіші тізбек (гименолепидоз), эхинококк (эхинококкоз)

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 21 беті

жатады 3) трематодалар (сорғыштар). Оларға: метагонимдер (метагонимоз), шистосомалар (шистосомоз), екі ауыздылар (фасциолез, описторхоз, клонорхоз) жатады.

Адамда әртүрлі кластағы гельминттер ішекте немесе одан тыс (бауырда, өт қабында, тері атында, қан мен лимфа тамырларында және т.б.) орналасады. Сондықтан гельминтоздар ішекті және ішектен тыс болып бөлінеді.

### *Препаратардың жіктелуі*

#### I. Ішек гельминтоздарында қолданатын дәрілер

1. Ішек нематодздарын емдейтін дәрілер: левамизол (декарис), мебендазол (вермокс), пирантел (комбантрин), пиперазин адипинаты, нафтамон (бефения гидроксинафтоат),
2. Ішек цестодоздарында қолданатын дәрілер: празиквантель (азинокс), никлозамид (фенасал), аминоакрихин, асқабақ дәндери

#### II. Ішектен тыс гельминтоздарда қолданатын дәрілер

1. Ішектен тыс нематодздарды емдейтін дәрілер: дитразин цитраты (диэтилкарбамазепин цитраты)
2. Ішектен тыс трематодздарды емдейтін дәрілер: празиквантель (азинокс), хлоксил

*Нематодздарға қарсы дәрілер.* Бұл дәрілер цианидті бояғыштар болып табылады, сондықтан олар құрттардың ұлпалы тыныс алуын бұзады, ұлпаларда АТФ-тің пайда болуын төмендетеді де бұлшық еттердің параличін пайда етеді.

Барлық нематодздар кезінде клиникалық көрініс бірдей: ИКТ функцияларының бұзылуы, аллергиялық реакциялар, анемия. *Левамизол* – аскаридозда, стронгилоидозда және анкилостомидозда тиімділігі жоғары. Аскаридоз кезінде ұйықтар алдында 1 рет белгіленеді. Керекті жағдайда қайта емдеуді 1 аптадан кейін өткізеді. Иммуноқуаттандырығыш әсері бар препарат. *Мебендазол*. Әртүрлі гельминттерге қарсы (ең тиімді – энтеробиозда және трихоцефалезда, аскаридозда, анкилостомидозда, стронгилоидозда, ішек цестодоздары мен трематодздарында) қолданатын препарат. Энтеробиоз кезінде 1 таблеткадан 1 рет, басқа инвазияларда 3 тәулік бойы тәулігіне 1 таблеткадан 1 рет қабылдайды. *Пирантел* – энтеробиоз, аскаридоз, анкилостомидоз, аз мөлшерде трихоцефалез кезінде тиімді. 3 таблеткадан 1 рет, тәнертengі тамақтан соң (таблеткаларды жақсылап шайнау кереқ). *Пиперазин адипинаты* – аскаридоз, энтеробиоз кезінде тиімді. Энтеробиоз кезінде 6-8 дражеден 1 рет. Ушкір құрттарды шығару үшін тұнге карай клизма қойылады. *Нафтамон* – аскаридоз, энтеробиоз, трихоцефалез және анкилостомидоз кезінде қолданады. Диета сақтау және іш айдайтын дәрілерді енгізу қажеті жоқ.. Аш қарынға 5 г-нан тәулігіне 1 рет 3-5 тәулік бойы. Трихоцефалез кезінде 10 таблеткасын тамақ алдында 3-5 тәулік бойы қабылдайды. Жоғарыда аталған препараттардың көбісі ИКТ –нан сінірлімейді. Бірақ құрттармен шырышты қабықтардың зақымдануы кезінде препараттар қанға өтуі мүмкін. Нематодздарға қарсы дәрілерді қолданғанда диетаны сақтау және іш айдайтын дәрілермен бірге енгізу қажеті жоқ..

*Жанама әсерлері:* 1) диспепсия 2) бас ауру, бас айналу, әлсіздік, ұйқышылдық 3) жатыр бұлшық ет тонусының жоғарылауы (жүктілік кезінде белгіленбейді) 4) препараттар қанға түсетін болса, тератогенді әсер көрсетеді.

*Ішек цестодоздарын емдейтін дәрілер.* Цестодоздарға қарсы дәрілер құрттардың бұлшық еттерінің уақытша параличин пайда етеді. Цестодоздардың клиникалық көрінісі: симптомдары аз (ИКТ – ның дисфункциясы, аллергиялық реакциялар, анемия).

*Фенасал* – тениаринхоз, дифилоботриоз, гименолепидоз кезінде тиімді. Тениоз кезінде өте сирек немесе қолданылмайды, себебі цистицеркоз пайда болуы мүмкін. Ол уақытта гельминттердің қорытылуы кезінде олардан ұрықтар шығып, қанмен әртүрлі мүшелер мен ұлпаларға таралуы мүмкін (ми, көз). Аш қарынға 0,25 г-нан 8-12 таблеткаларын тәнертең қабылдайды. *Аминоакрихин* – гименолепидоз кезінде жоғары тиімді. Аш қарынға тәулігіне 1 рет (немесе 30 минут үзілістен кейін 2 рет). Емдеу курсы 3 күндік 3-4 циклден тұрады. *Празиквантель* – цестодоздарды, шистосомздарды және трематодздарды емдеуде жоғары әсер көрсететін препарат. Цистицеркоз кезінде активтілігі бар. Мембранныардың  $Ca^{+2}$  – ге өткізгіштігін

<b>ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 22 беті

жоғарылатып, параличтің пайда болуына әкеледі. 0,6 г-нан 2-3 таблеткаларын тәулігіне 3 рет қабылдайды. Емдеу курсы 1 тәулік. *Асқабақ дәндері* – активтілігі төмен, бірақ улылық әсер көрсетпейді және жанама әсер пайда етпейді. Емдеу дозасы дәндердің 500 граммы.

Жоғарыда аталған препараттар ИКТ –нан нашар сінірледі. Препараттардың қанға тусуін азайту үшін, майлы және ет тағамдарын шектету қажет. Цестододоздарға қарсы дәрілердің қолданудың алдында және сонында тұзды іш айдайтын дәрілерді белгілейді.

**Жанама әсерлері:** 1) диспепсия 2) аллергия 3) гиптония, жүрек жетімсіздігі 4) тыныстың тежелуі 5) гиперкинездер, психоз 6) псориаз 7) тератогенді әсер.

Ішектен тыс орналасқан құрттарға қарсы *Дитразин цитраты* қолданады. Негізгі емдеуі филяриатоздарға бағытталған. Ішке 1-1,5 таблеткадан тәулігіне 3 рет қабылданады. Емдеу курсы 10 тәулік.

*Трематодоздарды емдеуге арналған дәрілер.* Бұл топқа хлоксил, празиквантель препараттары жатады. Трематодоздарға қарсы дәрілер сорғыш гельминттердің бұлышық еттерінің қайтымсыз параличтің пайда етеді. *Трематодоздардың клиникасы:* бауыр, үйқы безінің зақымдануы. *Хлоксил* – трематодоздардың барлық түрлеріне әсер етеді. Тамактан соң 1 сағаттан кейін тәулігіне 3 рет белгіленеді. Емдеу курсы 5 тәулік. *Празиквантель* – трематодоздарға қарсы тиімділігі өте жоғары. 1-2 тәулік тәулігіне 3 рет белгілейді. Қайта емдеу курсының қажеті жоқ.. Екі препаратты да ішке енгізгенде жақсы сінірледі. Қанға празиквантель тез өтеді. Максимальды концентрациясы 1-2 сағаттан соң жиналады. Биотрансформациясы бауырда өтеді. Бүйрекпен шығарылады. Препараттармен емделген кезде диетаның сақталуы және іш айдайтын препараттардың белгіленуі қажеті бар. *Жанама әсерлері.* *Хлоксил* – бауыр өлшемдерінің жоғарылауы, бауыр аймағының ауырсынуы, протеинурия, аритмия, жүрек аймағының ауырсынуы, эозинофилия. *Празиквантель* – кейбір кезде жүрек айну, бас ауру, ауыздағы металлдың дәмінің пайда болуы.

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұраптар (көрі байланыс):**

1. Қарапайымдылардың қоздырығыштары қандай аурулар шақыртады?
2. Қарапайымдыларға қарсы дәрілер қалай жіктеледі?
3. Қарапайымдыларға қарсы дәрілердің әсер ету механизмдері қандай?
4. Құрттардың қандай түрлерін білесіз?
5. Құрттарға қарсы дәрілер қалай жіктеледі?
6. Құрттарға қарсы дәрілердің әсер ету механизмі қандай?

#### **Кредит №4**

**Тақырыбы: №1 Қан жүйесіне әсер ететін дәрілер**

**Мақсаты:** Студенттерді қан жүйесіне әсер ететін дәрілермен таныстыру

**Дәріс тезистері.**

Адам өмірінде, әсіресе сырқат кезінде қанның құрамындағы заттардың саны мен сапасының өзгеруінің зор мағынасы бар. Каннның сұйық күйі үю және фибринолиз процестеріндегі тепе-тендіктің интегральды нәтижесі болып табылады. Қан құрамының сандық өзгерістері патология түріне байланысты. Қан ингридиенттерінің сандық және сапалық жағдайларына әсер ететін дәрілер клиникалық практикада кеңінен қоланады.

*Қан жасалынуда реттеп отыратын препараттардың жіктелуі*

I. Эритропоэзге әсер ететін құралдар

1. Эритропоэзды қуаттандыратын құралдар

а) гипохромды анемияларда қолданылатын құралдар

Темір препараттары – темір тотығының сульфаты (Сорбифер Дурулес), темір лактаты препараттары (темір тотығының лактаты, гемостимулин), темір хлоридінің препараттары (феррамид), кобальт препараттары – коамид

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 23 беті

- 6) гиперхромды анемияларда қолданылатын құралдар  
 Цианкобаламин (Витамин B<sub>12</sub>), фоль қышқылы  
 2. Эритропоэзды тежейтін құралдар  
 3. Фосфор P<sub>32</sub> мен белгіленген натрий фосфатының ерітіндісі

- II. Лейкопоэзге әсер ететін құралдар  
 1. Лейкопоэзді қуаттандыратын құралдар  
 а) тимус препараттары – тималин  
 б) әртүрлі биологиялық тексті препараттар  
 Молграмостим, натрий нуклеинаты  
 в) синтетикалық құралдар  
 Левамизол, пентоксил  
 2. Лейкопоэзды тежейтін құралдар  
 а) цитостатиктер – меркаптопурин, азатиоприн, миелосан  
 б) Антибиотик – иммунодепрессант – циклоспорин

*Плазмаалмастырығыш және препараттарды қоректенуге арналған құралдар*

*Жіктелінуі:*

- I. Плазмаалмастырығыш құралдар  
 1. Гемодинамикалық дәрілер  
 Полиглюкин, альбумин, декстроза, желатиноль  
 2. Дезинтоксикациялық дәрілер  
 Гемодез (неокомпенсан), реополиглюкин, декстроза  
 3. Су-тұзды және қышқыл сілтілі тептегендікті реттегіштер  
 Физиологиялық ерітінді, лактасоль, дисоль, трисол, ацесоль, трометамол.
- II. Парентеральды қоректенуге арналған құралдар.
- Белокты қоректенетін құралдар  
 гидролизин ерітіндісі, казеин гидролизаты
  - Липидті қоректенетін құралдар  
 липофундин, венолипид

*Қанның реологиялық қасиеттеріне әсер ететін дәрілік құралдар*

*Жіктелінуі:*

- I. Тромбоздарды алдын-алу және емдеу үшін қолданылатын құралдар  
 1. Антиагреганттар  
 2. Антикоагулянттар  
 3. Фибринолитиктер
- II. Қан кетулерді тоқтататын құралдар  
 1. Қанның ұюын жоғарылататын құралдар  
 2. Антифибринолитиктер

*Қан ұюын төмендететін құралдар*

*Антиагреганттардың топтары*

- Циклооксигеназаны тежейтін құралдар  
 Ацетилсалациил қышқылы (аспирин)
- Аденилатциклазаны активтендіретін құралдар  
 Простациклин
- Фосфодиестеразаны тежейтін құралдар  
 Дипиридамол (курантил, персантин)
- Әртүрлі әсерлі құралдар  
 Антуран (сульфинпиразон)

*Антикоагулянттар*

Тікелей әсер ететін антикоагулянттар

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 24 беті

Гепарин (тромбофоб-гем, иеллон-гель), ревипарин (кливарин)  
 Тікелей емес әсерлі антикоагулянтар  
 Фениндион (фенилин), этилбискумацетат (неодикумарин), синкумар

### **Фибринолитикалық құралдар** стептолиаза, стрептодеказа, урокиназа

#### **Қан кетулерді тоқтататын құралдар**

##### *Гемостатиктер*

Қан кетулерде жергілікті әсер көрсететін құралдарға тромбин, гемостатикалық губка, желатинді губка жатады. Жүйелі әсер ететін құралдарға фитоменадион, менадион натрий бисульфаты (викасол), фибриноген, фибрин препараттары жатады.

### **Антифибринолитикалық құралдар**

Кейбір жағдайларда фибринолиз жүйесінің активтілігі жоғарыладап, қан кетулерге әкелуі мүмкін. Мысалы, жарақаттардан, операциялардан кейін, бауыр циррозында, жатыр қан кетулерде. Бұл жағдайларда антифибринолитикалық құралдарды қолданады.

**Аминокапрон қышқылы** ол профибринолизиннің фибринолизинге айналуын тежеп және фибринолизинге тікелей басым келтіреді. ІҚТ – жақсы сінірледі. Ішке және куре тамырға енгізеді. Жанама әсері - бас айналу, жүрек айну, іш өтуі.

Ұқсас препаратқа аминометилбензой қышқылын (амбен) жатқызады. Бұл топқа контрикал препаратын да жатқызуға болады. Ол трипсин, химотрипсин, калликреин және фибринолизин ферменттердің активтілігін тежайді.

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұраптар (көрі байланыс):**

1. «Анемияның » қандай түрлерін білесіздер?
2. Темір препараттарын қолданған кезде қандай жанама әсерлер болуы мүмкін?
3. Антикоагулянтардың қандай түрлері бар?
4. Антикоагулянтардың қарама қарсы қорсеткіштері қандай №
5. Тікелей антикоагулянтардың әсерінің механизмі?
6. «in vitro» және «in vivo» дегеніміз не?

**Тақырыбы: №2 Эндокринді бездердің функциясына әсер ететін дәрілер. Гормондық препараттар, синтетикалық аналогтары, антагонистері.**

**Мақсаты:** Студенттерді эндокринді бездердің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру  
**Дәріс тезистері.**

Гормондар - әртүрлі үлпалармен және эндокрин бездерімен шығарылатын, биологиялық активті заттар. Химиялық құрылышына байланысты гормонды препараттар келесі топтарға бөлінеді:

1. Белок және пептидті құрылымды заттар – гипоталамус, гипофиз, паракалканша және үйқы безінің гормонды препараттары, кальцитонин.
2. Аминоқышқылдардың туындылары - қалқанша безінің гормонды препараттар.
3. Стероидты қосылыстар – жыныс бездерінің және бүйрек үсті қыртысының гормонды препараттары.

Эндокрин бездерінің гиперфункциясында гормондардың антагонистерін қолданылады.

#### **Гипоталамус және гипофиз гормондарының препараттары**

Гипофиз 3 бөліктен тұрады. Алдыңғы бөлікте: 1) Адренокортикотропты 2) Соматотропты 3) Тиреотропты 4) Лактотропты 5) Фоликулостимулдауші 6) Лютеинизирлеуші гормондар бөлінеді

Артқы бөлікте: 1) Окситоцин 2) Вазопрессин гормондары бөлінеді

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 25 беті

### Гипофиздің артқы бөлігінің гормондары

**Окситоцин** – негізгі эффектісі миометрииғе қуаттандырыбыш әсерімен байланысты. **Колданылуы:** босануды қуаттандыру, туудан кейінгі қан кетулер және лактацияны қуаттандыру үшін. ЭБ дозаланады. Күре тамырға және бұлышық енгізеді. **Дезаминоокситоцин** – окситоциниң синтетикалық аналогы, оның ерекшеліктері: ферментерге тұрақты, әсері ұзақ. Трансбуқкальды енгізеді (ұртқа).

**Антидиуретикалық гормон** - вазопрессин екі қасиетке ие: 1) нефронның дистальды бөлігінде судың реабсорбциясын реттейді 2) бірінғай салалы бұлышық еттерге қуаттандырыбыш әсер көрсетеді. Судың әсері- 30 мин-2 сағат болады. **Колданылуы:** қантсыз диабет, тері астына, бұлышық етке енгізеді. ЭБ – дозалайды.

Жанама әсері- АҚ жоғарылады.

### Қалқанша безінің гормондық препараттар және антитиреоидты құралдар. Кальцитонин

Қалқанша безінің гормондық препараттар

Қалқанша безінде L-тироксин және L-трийодтиронин гормондары түзіледі. Олардың синтезінде тамақпен түсетең йод қатысады.

Тиреоидты гормондар ағзаның өсуін және дамуын реттеуіне қатысады. Олар бас ми, сүйектердің және басқа мүшелер мен жүйелердің дамуына әсер етеді. Жас кезінде олардың жетіспеушілігі кретинизмнің дамуына әкеледі. Ересектерде қалқанша безінің жетіспеушілігі алмасу процестердің тежелінуімен, физикалық және ой қабілетінің азаюымен, апатиямен, ұлпалардың ісінуімен, жүрек жұмысының бұзылуымен сипатталынады. Бұл патология “Микседема” деп аталынады. Медицина практикасында: тироксин (левотироксин). Трийодтиронин гидрохлориді (лиотиронин), тиреоидин препараттары қолданылады.

**Тироксин-** ішке, сирек күре тамырға енгізеді. Әсері біртіндеп 8-10 күннен кейін максимальды болады. Әсер ұзақтығы бірнеше апта.

**Трийодтиронин гидрохлориді** тироксинге қарағанда әсері тезірек басталынады (максимальды эффектісі 24-48 сағаттан кейін) және бірнеше күнге дейін сақталынады. Ишке енгізеді. Тиреоидты гормонды препараттардың негізгі қолдану көрсеткіштері - гипотиреоидизм – кретинизм және микседема. Дозасы артып кеткен жағдайда: қозғыштық, терлеу, тахикардия, трепор, салмақтың азауы.

### Антитиреоидты құралдар

Қалқанша безінің гиперфункциясында (гипертиреоидизм, базедов ауруы) қолданылады.

#### Жіктелуі

1. Гипофиздегі алдыңғы бөлігінен тиреотропты гормонның шығуын тежейтін құралдар  
Йод препараттары (Калий йодиды, Люголь ерітіндісі), дийодтиrozin (дитирин)
2. Қалқанша безімен тиреоидты гормондардың синтезін тежейтін құралдар  
Мерказолил (тиамазол), йодты молекулярлы йод немесе йодидтер түрлерінде қолданады. Ол ИКТ жақсы сініріледі. Гипофиздегі тиреотропты гормонның шығуын тежейді. Қалқанша безінің көлемін азайтады. Эффектісі 2-3 апта сақталынады. Аналогы – дийодтиrozin препараты.

**Мерказолил** қалқанша безіндегі тироксин және трийодтирониннің синтезіне басым келтіреді. Ишке енгізеді.

Жанама әсері- лейкопения және агранулоцитоз, диспепсия. Антитиреоидты препараттарды тиреотоксикозды (базедов ауруын) емдеу үшін қолданылады.

### Кальцитонин

Кальцитонин қалқанша безінің бір қатар клеткаларында жасалынады. Ол кальцийдың алмасуының реттеуіне қатысады. Негізгі эффектісі сүйектердің декальцификация процесстерін тежеу. Кальцитрин препараты қолданады.

**Колданылуы:** остеопороз (қарт адамдарда, глюокортикоидтарды ұзақ қолданғанда) және нефрокальциноз.

**Үйқы** безінің гормондық препараттары және синтетикалық диабетке қарсы құралдар

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 26 беті

Ұйқы безінің гормондары көмірсүтек алмасуында ұлken роль қызмет атқарады. Лангерганс аралының  $\beta$ -клеткаларында гипогликемиялық әсері бар инсулин гормоны, ал  $\alpha$ -клеткаларымен гипергликемияны шақыртатын глюкагон гормоны пайда болады.

### Жіктелуі

- I. Инсулин препараттары:
  1. Қысқа әсерлі  
Нейтральды еритін инсулин
  2. Орташа әсерлі  
Изофан протамин инсулин  
Инсулин – аминохинурид  
Аморфты инсулин – цинк суспензиясы  
Құрамды инсулин – цинк суспензиясы
  3. Ұзак әсерлі
- II. Синтетикалық диабетке қарсы құралдар
  - 1. сульфонилмочевина туындылары  
1 буын  
Бутамид (толбутамид)  
Букарбан (карбутамид)  
Хлорпропамид (диабарил)  
2 буын  
Глибенкламид (гилемал, глюкобене)  
Глипизид (глибенез)  
Гликвидон (глюренорм)  
Гликлазид (диабетон)
  - 2. Бигуанидтер  
Глибутид (буформин)  
Глиформин (метформин)

### **Ішке енгізгенде эффективті гипогликемиялық құралдар**

**Бутамид.** ӘЕМ- ұйқы безінің  $\beta$ -клеткаларына қуаттандыруышы әсер көрсетіп, олардан инсулиниң босап шығуын қүшейтеді. ИКТ жақсы сінірледі. Максимальды концентрациясы 3-4 сағаттан кейін жиналады. Әсері 12 сағатқа дейін сақталынаады. Бүйрекпен шығарылады.

Жанама әсері - диспепсиялық бұзылыстар, аллергиялық реакциялар, сирек-лейкопения, тромбоцитопения, бауыр функциясының тежелінуі. Үйрекшітік пайда болуы мүмкін.

**Хлорпропамид** бутамидке қарағанда активтілгі жоғары және ұзак әсері бар. Концентрацияның 30□ азайыры 32-35 сағатта болады. Бүйрекпен өзгермеген түрде шығарылады.

Жанама әсері - бутамидке қарағанда айқын және жиі көрінеді.

**Колданылуы:** қантты диабетінің женіл және орташа ауырлық дәрежелерінде (40-45 жастан жоғары науқастарда).

**Глибутид.** ӘЕМ- глюкозаның бұлшық еттерімен сінірлуда шақыртады. Бұлшық еттерде сұт қышқылы жиналады. Бауырдағы гликонеогенезді тежейді. ИКТ арқылы жақсы сінірледі. Максимальды эффектісі 4-6 сағаттан кейін көрініп, 14 сағатқа дейін сақталынаады.

Жанама әсері - жүрек айну, құсу, іш өту, ацидоз. Гипогликемиялық құралдар қандағы және несептегі қант мөлшеріне байланысты дозаланады.

### **Әйел жыныс бездерінің гормондық препараттары**

Эстрогендерді және антиэстрогендерді препараттар

### Жіктелуі

1. Эстроген препараттары және олардың стероидты аналогтары
  - Этинилэстрадиол (микрофоллин)
  - Эстриол (овестин)
  - Эстрадиол

<b>ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 27 беті

- Эстрон (фолликулин)
- Эстрогенды активтілігі бар стероидты емес препараттар  
Синэстрол (гексэстрол)  
Фосфэстрол
  - Антиэстрогенды препараттар  
Кломифенцитрат (клостильбегит, кломид, перготаим)  
Тамоксифен

### Гестагенды және антигестагенды препараттар

Жіктелуі

- Жай әсерлі препараттар  
Норэтистерон (примолют)  
Прогестерон, гидроксипрогестерон (оксипрогестерон)  
Линестренол (оргаметрил)
- Ұзақ әсерлі препараттар  
Медроксипрогестерон ацетаты (депо – провера)

**Прогестерон** - эндометрийге әсер етіп, жұмыртқа жасушасының имплатациясына дайындауды. Ол миометрий қозғыштығын азайтады, сүт безінің ұлпаларының өсуін шақыртады. Күнделікті бұлшық етке белгілейді.

**Оксипрогестерон капронаты** әсері баяу басталып, 7-14 күн әсер етеді. Бұлшық етке майлы ерітінді түрде енгізеді. Гестагендерді түсікті алдын алу үшін, сары дененің функциясының жетімсіздігінде және менструация бұзылуында қолданады. Антигестагенді құралдарға RU-486 препарат жатады. Ол жатырдағы гестагенді рецепторларын байланыстырып гестагендердің әсерлерін азайтады.

Колданылуы: аборт және менструальды циклдың қалпына келтіру.

### Ерек жыныс бездерінің гормонды препараттар және антиандрогенді құралдар

**Тестостерон гормоны** әсерінен жыныс мүшелерінің және екіншілік жыныс қасиеттерінің дамуы, сперматогенездің басқарылуы байқалынады. Тестостерон белок алмасуға да әсер етіп, белок синтезін шақыртады (анаболикалық әсері). Медицина практикасында тестостеронның эфирлері қолданылады: тестостерон пропионаты (аговирин, андрофорт) және тестэннат (тестостерон энантаты) - синтетикалық жолымен алынады. Екі препаратта да айқын андрогенді және анаболикалық активтіліктер көрсетеді. Тестэннаттың тестостеронға қарағанда эффектісі баяу басталып, ұзақ уақыт сақталынады. Тестостеронды 2 күнде 1 рет, ал тестэннатты 3-4 аптада 1 рет енгізеді. Екеуі де бұлшық етке енгізу үшін майлы ерітінді түрінде шығарылады.

**Метилтестостерон** (андрорал, маднол). Химиялық құрылышы және биологиялық әсеріне байланысты тестостеронға ұқсас. Оның ішке қабылданатындығы артықшылығы болып саналады. Тіл астына енгізеді.

Жалпы андрогендердің колданылуы: ерек жыныс бездерінің функцияларының жетімсіздігі (жыныстың толық дамымауы, импотенция, климакс), әйелдерде сүт безінің қатерлі ісігінде, дисменоря кездерінде.

Жанама әсері - әйелдерде – маскулинизация эффекті – дауыстың жуан болуы, еркектердегідей шаштың өсуі, ағзада судың және тұздардың жиналуы.

Антиандрогенді құралдар: **ципротерон** - тестостеронға сезімтал рецепторларды байланыстырып, сперматогенезді тежейді. ОЖЖ-дегі андрогенді рецепторларды тежеп, импотенцияны шақыртады.

Колданылуы: еркектерде-гиперсексуальдылықта, әйелдерде-гирсутизмде.

**Флутамид.** Қолданылуы - қыық асты безінің ісігі.

### Анаболикалық стероидтар

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 28 беті

Белок синтезін күштейтіп, қанқа бұлшық еттерінің, паренхиматозды мүшелердің, сүйек ұлпаларының салмағын жоғарылатады.

**Фенаболин** (нандролон фенилпопионаты, дураболин, нероболил). **Ретаболил** (нандролон деканоаты). Фенаболил 7-15 күн бойы әсер етеді. Ретаболил 3 аптаға дейін әсер көрсетеді. Бұлшық етке майлыш ерітінді түрінде енгізіледі. Метандростенолон (неробол, дианабол) әсері ұзақ емес күніне 1-2 рет таблетка түрінде енгізеді.

Колданылуы: тәбетті жақсартады, остеопороз кезінде сүйектердің кальцификациясы тезделінеді. Кахексияда, астенияда, глюкокортикоидтарды ұзақ қолданғанда, сәуле терапиясынан кейін, регенерация процесстерді қуаттандыру үшін (мысалы, сүйек сынған кезде). Жанама әсері маскулинизация, жүрек айнуы, ісінүлер, бауыр функциясының бұзылуы.

Колдануға қарсы көрсеткіші-жүктілік және лактация кездерінде, қыуқ асты безінің ісігі, бауыр ауруларында.

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

1. «Гормондар» дегеніміз не?
2. Гипофиздің алдыңғы бөлігінің гормондары қандай?
3. Гипофиздің артқы бөлігінің гормондары қандай?

**Тақырыбы: №3 Иммунды үрдістерге әсер ететін дәрілер. Қабынуға қарсы дәрілер.**

**Аллергияға қарсы дәрілер**

**Мақсаты:** Студенттерге аллергияға қарсы және қабынуға қарсы дәрілердің фармакологиялық қасиеттерімен таныстыру

**Лекция тезистері:**

Қабыну ағзаның әртүрлі экзогенді және эндогенді закымдаушы факторларға (мыс. бактериальды, вирусты және паразитарлы инфекциялардың коздырғыштары, с.б. аллергиялық, физикалық және химиялық агенттер) әмбепап реакциясы болып табылады.

Қабыну – көптеген эндогенді заттармен реттелінетін күрделі процесс. Ол заттар қабынуға қатысатын әртүрлі жасушалы элементтермен (мес жасушалары, полиморфты-ядерлі лейкоциттер, моноциттер) өндіріледі. Олар простаноидтар, лейкотриендер, азот тотығы, тромбоциттерді белсендерітін фактор, гистамин, кейбір интерлейкиндер секілді биологиялық белсенді заттарды өндіреді.

Қабынуға қарсы дәрілердің құру кезінде ұлken қызығушылықты қабыну үрдісіне қатысатын жасушалардың жасушалы мемброналардың фосфолипидтерінен биологиялық белсенді заттардың түзілуіне әсер ететін заттар алады. Бұл заттардың негізгі бағыты келесігে жүктеледі:

1. Простаноидтарды (простагландиндер, тромбоксандар), лейкотриендерді, тромбоциттерді белсендерітін факторлардың түзілуін бақылайтын A<sub>2</sub> фосфолипазаны тежеу.
2. Простаноидтардың биосинтезін реттейтін циклооксигеназаны тежеу (бейстероидты қабынуға қарсы дәрілер).
3. Простаноидты рецептерлерді блокадалау.
4. Лейкотриендердің түзілуіне қатысатын 5-липоксигеназаны блокадалау.
5. Лейкотриендерді рецептерлерді блокадалау.
6. Тромбоциттерді белсендерітін фактормен әрекеттесетін рецепторлерді блокадалау.

Қазіргі уақытта практикалық мәнді алғашқы екі топтар алады.

Қабынуға қарсы дәрілер химиялық құрылышы бойынша стероидты және бейстероидты деп бөледі.

Стероидты қабынуға қарсы механизмі арахидон қышқылының синтезіне қажетті A<sub>2</sub> фосфолипазаны тежеумен байланысты.

Бейстероидты қосылыстарға циклооксигеназаға тежеуші әсер көрсетіп, простаноидтардың биосинтезін төмендететін заттар жатады. Циклооксигеназаның (ЦОГ) - 1 және 2-ші типті 2 түрі

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 29 беті

бар. ЦОГ-1 кәдімгі жағдайда түзіліп, ағзада простаноидтардың түзілүін реттейді. ЦОГ-2 бөлімі қабыну үрдісімен өндіріледі.

#### *Дәрілердің жіктелуі.*

##### I. ЦОГ-1 және ЦОГ-2-ні таңдамалы емес тежеитіндер

1. Салицил қышқылының туындылары- ацетилсалицил қышқылы
2. Антрапирил қышқылының туындылары- мефенам қышқылы, флуфенам қышқылы
3. Пиразолон туындылары- бутадион
4. Индолсірке қышқылының туындылары- индометацин
5. Фенилсірке қышқылының туындылары- диклофенак-натрий
6. Фенилпропион қышқылының туындылары -ибупрофен
7. Нафтил пропион қышқылының туындылары - напроксен
8. Оксикамдар: пироксикам

##### II. ЦОГ-2-ны таңдамалы тежеитіндер- Мелоксикам

Көптеген бейстероидты қабынуға қарсы дәрілер (БСҚҚД) қабынуға қарсы, анальгетикалық және ыстықты түсіретін әсерлер көрсетеді.

Анальгетикалық әсерінің механизмі - бұл топтардың простагландиндер (ПГ) синтезіне т жеуеші әсермен байланысты. ПГ гиперальгезияны шақырады, яғни химиялық және механикалық стимулдарға ноцицепторлердің сезімталдығын жоғарылатады. Соңдықтан ПГ-р (ПГЕ<sub>2</sub>, ПГF<sub>α2</sub>, ПГI<sub>2</sub>) синтезін т жеу гиперальгезияның дамуын алдын-алады.

БСҚҚД ыстықты түсіретін әсерге ие. Бұл ПГ-р синтезінің бұзылсызымен және гипоталамуста орналасқан жылуреттегіш орталығына пирогенді әсерінің төмендеуімен байланысты, әсіресе белсенді пироген ПГЕ<sub>1</sub> болып табылады.

Сенсибилизириңген макроорганзим ұлпаларының закымдалуын шақыратын антигенге патологиялық жоғары иммундық реакцияларды **аллергиялық реакциялар** деп атайды.

Аллергияның әртүрлі типінің дамуында иммуногенездің 2 механизмі қатысады – антиденелердің өнімімен қамтылған гумаральды, жасушалы, яғни ол кезде көптеген иммунокомпетентті жасушалар қатысады. Иммундық жауап фагоциттермен, реттегіш лимфоциттер (Т-супрессорлар), эфекторлы лимфоциттер (цитотоксикалық Т-жасушалар, В-жасушалар) және басқа арасында бір-бірімен байланыс қамтылады. Антигенмен активтенген лимфоциттер, сонымен бірге моноциттер және макрофагтар иммундық жауапты реттейтін және күштейтін биологиялық белсенді пептидті қосылыстарды өндіреді. Бұл қосылыстар тобын **цитокиндер** деп атайды. Лимфоциттермен өндірілген цитокиндерді **лимфокиндер** деп атайды. Цитокиндер үлкен рольді иммундық реакцияның дамуында болады.

Гиперсезімталдықтың реакцияларын келесі типтерге бөледі:

1. Тез реакциялы
2. Баяу реакциялы (2-3 тәул. кейін пайда болады.)

Тез типті (ТТ) реакция антигеннің антиденемен байланысуымен қамтылған.

ТТ аллергиялық реакцияның дамуында үлкен рольді мес жасушаларымен және базофилдерден гистамин, “баяу реагирлейтін анафилаксия субстанциясы”, брадикинин, серотинин, ПГ-р, тромбоциттердің белсендіретін фактор алады. Бұл типті реакцияға: бронхоспазм, ринит, конъюнктивиттер, есек жем, анафилактикалық шок, сарысу ауруы, Артюс феномені жатады.

Баяу типті (БТ) реакциялар жасушалы иммунитетпен байланысты және сенсибилизиленген Т-лимфоциттердің бар болуына байланысты. Соңғыларының бетінің макрофагаларында орналасқан антигенді танитын арнайы рецепторлар болады және олармен байланысады.

БТ аллергияда аллергия медиаторы цитокиндер катары болып табылады. Оларға интерлейкин – 2, лимфотоксин, макрофагтар миграциясын тежеитін фактор жатады.

БТ аллергияға туберкулинді реакция, контакттылы дерматит, кейбір аутоиммунды зақымданулардың түрлері жатады.

ТТ аллергияда келесі дәрілер топтары қолданылады:

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 30 беті

- Сенсибилизирленген мес жасушаларымен және базофилдерден гистаминнің және басқа медиаторлардың босап шығуна кедергі жасайтын дәрілер (глюокортикоидтар, кромолин – натрий, кетотифен, β-адреномиметикалық белсенделілігі бар заттар (адреналин), эуфиллин).
- Бос гистаминнің оған сезімтал ұлпалы рецепторлермен байланысуына кедергі жасайтындар: гистаминге қарсы дәрілер – гистаминді H<sub>1</sub>-рецепторлардың блокаторлары (димедрол, дипразин).
- Анафилактикалық шок типіндегі аллергияның жалпы байқалуарын жоютын дәрілер: а) адrenomиметиктер (адреналин) б) миотропты әсерлі спазмолитикер (эуфиллин)
- Ұлпалардың зақымдануын төмендететін дәрілер. Бұл мақсатпен стероидты қабынуға қарсы дәрілер қолданады.

БТ аллергияда препараттардың 2 тобы қолданылады: иммуногенезді тежейтін және ұлпалардың зақымдануын тежейтін дәрілер.

Иммуногенезді тежейтін дәрілер (жасушалы иммунитетті тежейтіндер) – иммунодепрессанттар: глюокортикоидтар, циклоспорин, цитоксикалық дәрілер болып табылады.

Глюокортикоидтардың иммунодепрессантты әсері лимфоциттер пролиферация fazасының тежелуімен байланыстырады.

Тиімді иммунодепрессант – циклоспорин (сандиммун). Ол пептидті антибиотик болып табылады. Интерлейкиндер, γ-интерферон өнімін төмендетеді. ИКТ баяу сінірледі. Ұлпаларды және мүшелерді орын алмастырғанда қолданады. Сондай-ақ аутоиммунды ауруларда қолдануны мүмкін.

Цитотоксикалық заттарға алкилдеуші дәрілер (циклофосфан), антиметаболиттер (азатиоприн, метотрексат, меркаптопурин) жатады. Иммунодепрессантты әсері иммуноциттердің белінің тежегіш әсер етуімен байланысты.

Иммунитетті тежеу мақсатында азатиоприн қолданады. Продәрі болып табылады. Ағзада одан 6-меркаптопурин түзіледі, ол басқа метаболиттерге айналады. Азатиоприннің уытты әсерінің негізгі байқалуы-сүйек миінің функциясын тежелуі және лейкопенияның дамуы. Аутоиммунды ауруларда (ревматоидты полиартритте, қызыл жегі) қолданады.

*Антигистаминді дәрілер (H<sub>1</sub>-гистаминорецепторлердің блокаторлары).* Бұл дәрілер гистаминге сезімтал ұлпалар рецепторларын блокадалайды. Гистамин әсерлесетін рецепторлардың негізгі подтиplerі бар: H<sub>1</sub>- және H<sub>2</sub> – рецепторлар. H<sub>1</sub>- гистаминорецепторлерді қуаттандыру ішектің бірінғай бұлшық еттерін, бронхтардың, жатырдың жиырылуын шақырады. Гистаминді H<sub>2</sub>- рецепторлар ақсазан бездерінің секреторлы белсенделілігін, жүректің қызметін реттеуге қатысады. H<sub>1</sub>-рецепторлерді блокадалайтын гистаминге қарсы дәрілер гистаминнің келесі түрлерін жояды: бронх, ішек, жатыр мускулатурасын жоғарлату, АҚ төмендету, гиперемия.

*Химиялық құрылыш бойынша келесі қосылыстар қатарына жатады:*

Этаноламиндер – димедрол (дифенгидрамин гидрохlorиді, тавегил), Этилендиаминдер – супрастин (хлорапирамин), Фенотиазиндер – дипразин (прометазин гидрохlorиді, пипольфен), Хинуклидин туындылары – фенкарол (кви phenadin), Тетрагидрокарболиндер – диазолин (омерил), Пиперидин т-ры – терфенадин (селдан), лоратидин (кларитин).

H<sub>1</sub>-гистаминорецепторлар басқа да қасиеттерге ие: мысалы: димедрол, дипразин, супрастин ОЖЖ-не тежегіш әсер көрсетеді (седативті, үйіктататын), тавегил, фенкарол, терфенадин, лоратидин шамалы седативті әсерге ие. Диазолин ОЖЖ-не әсер етпейді.

Көптеген дәрілер анестезирлеуші қасиеттерге ие. Димедрол ганглиоблокаторлық қасиетке ие болып АҚ төмендетеді, кейбір дәрілердің M – холиноблокаторлық қасиеті бар. Қарастырылған дәрілер энтеральды және парэнтеральды енгізгенде жақсы сінірледі. Димедролдың, супрастиннің, дипразиннің, фенкаролдың әсер етуі - 4-6 сағ., тавегилдің - 8-12 сағ., терфенадиннің- 12-24 сағ., лоратидиннің – 24 сағ., диазолин – 2 тәулік және жоғары.

Колдануы: есек жем, ангионевротикалық ісіну, ринит, конъюнктивит, антибиотиктердің әсерінен пайда болған аллергия, аз тиімді бронх демікпесінде, анафилактикалық шокта.

Дәрілерді энтеральды, тері астына, бұлшық етке, күре тамырға енгізеді.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 31 беті

**Жанама әсері:** М – холиноблокаторлық қасиетке ие дәрілер – ауыз құргатады. Димедрол, дипразин, супрастин седативті эффект көрсетеді, терфенадин аритмияның пайда болуына әкеледі.

**Қолдануға қарсы көрсеткіші:** транспорт жүргізушилдері, абайлап – бүйрек, бауыр ауруларында.

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет:** 1-Қосымша

**Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

1. «Иммунотропты дәрілер» қалай жіктеледі?
2. «Аллергияның» түрлері қандай?
3. Аллергияның негізгі медиаторы және олардың патофизиологиялық эффектілері қандай?
4. Қабынуға қарсы дәрілер қалай жіктеледі?
5. Ацетилсалацил қышқылының негізгі жанама әсері қандай?
6. Бейстероидты қабынуға қарсы дәрілердің әсер ету механизмі қандай?

### Кредит №5

**Тақырыбы: №1 Тірек-қымыл аппаратының функциясына әсер ететін дәрілер**

**Мақсаты:** Студенттерді тірек-қымыл аппаратының функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

**Дәріс тезистері.**

*Остеопороз және остеопатияны емдеуге қолданатын дәрілер*

Бұл топшага **иприфлавон** (остеохин) жатады. **Фармакологиялық әсері.** Табиги флавоноидтардың синтетикалық туындысы. Сүйек ұлпасының метаболизмін жақсартады, оның резорбциясын төмендетеді. **Қолдануы:** Біріншілік остеопороз; екіншілік остеопороз. **Жанама әсері:** Ас қорыту жүйесіне: тәбеттің жоғалуы, жүректің айнуы, құсу, құрсақтың ауырсынуы, метеоризм, диарея, іштің қатпасы. ОЖЖ-не: бастың айналуы, бастың ауруы. Аллергиялық реакциялар. **Қарсы көрсеткіші:** асқыну фазасында асқазан мен он екі елі ішектің жара ауруы; бауыр немесе бүрек функциясының айқын бұзылыстары; қан жасалу мүшелерінің аурулары; препаратқа жоғары сезімталдық.

*Сүйек резорбциясының ингибиторлері*

**Алендронат натрий** (фосамакс). **Фармакологиялық әсері.** Аминобисфосфонат-пирофосфат синтетикалық аналогтар тобының остеокластикалық сүйек резорбциясының бейормонды спецификалық ингибиторы. Сүйектің резорбциясымен орнына келуі арасындағы оң балансты қалпына әкеледі. **Әсер ету механизмі** остеокластар белсенделілігінің тежелуімен байланысты. **Қолдануы.** Постменопауздағы әйелдердегі остеопорозды емдеу. **Жанама әсері:** препарат, әдетте науқастармен жақсы қабылданады. Ас қорыту жүйесіне: эпигастр аймағының ауырсынуы.

**Ибандрон қышқылы** (бондронат). **Фармакологиялық әсері.** Сүйек резорбциясының ингибиторы, биофосфонаттар тобына жатады. Сүйек ұлпасына таңдамалы әсер етеді, ол сүйектің минералды компоненттеріне жоғары аффинділікпен қамтылады. Гиперкальциемиямен байқалатын ісікті остеолизге тежегіш әсер етеді. **Қолдануы.** Исікті аурулар кезіндегі гиперкальциемия. **Жанама әсері:** Жиі тұмай тәрізді синдром; плазмадағы фосфаттар концентрациясының азаюымен жүретін бүйрекпен кальций экскрециясының төмендеуі. **Қарсы көрсеткіші:** ауыр бүрек жетімсіздігі, жүктілік, лактация, бала жас. **Кальцитонин** (кальцитрин). **Фармакологиялық әсері.** Қалқанша безінің С-жасушаларымен өндірілетін гипокальциемиялық гормон. Арнайы рецепторлер арқылы кальцитонин цАМФ-ке әсер етеді, нәтижесінде сүйек резорбциясы тежеледі, сүйектердің минерализациясы қуаттанады, бұл қан сарысындағы кальций мен фосфордың азаюымен байқалады. **Қолдануы.** Педжет ауруы (деформирлеуші остеодистрофия). Остеопороз, соның ішінде постменопауза мерзімінде. **Жанама әсері:** беттің, қол-аяқ саусақтарының қызаруы, диарея, жүректің айнуы, құсу, тәбеттің жоғалуы, құрсақтың ауырсынуы. **Қарсы көрсеткіші:** анафилактикалық шок.

*Кальциймен фосфордың алмасуын реттейтін дәрілер*

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 32 беті

Бұл топшаға альфакальцидол, кальцемин, кальций-сандоз форте, колекальциферол, колекальциферол+кальций карбонаты, ризедрон қышқылы, эргокальциферол жатады. **Колекальциферол** (вигантол, витамин Д<sub>3</sub>). **Фармакологиялық әсері.** Рахитке қарсы дәрі. Кальциймен фосфордың алмасуын реттейді, балалардағы сүйек қаңқасымен тістің қалыптасуын, сүйек құрылымының сақталуын қамтамасыз етеді. Ішекте кальцидің сінірліуін және бүрек түтікшелеріндегі фосфордың реабсорбциясын күшейтеді. **Қолдануы.** Рахитті алдын-алу және емдеу, спазмофилия, әртүрлі генездегі остеомаляция, метаболитті остеопатия, гипокальциемиялық тетания. **Жанама әсері:** колекальциферолға жоғары сезімталдық немесе дозасы асып кеткенде гиперкальциемия немесе гиперкальциуриямен қамтылған симптомдар байқалу мүмкін: жүрек ритмінің бұзылысы, жүрек айну, құсу, бас ауру, әлсіздік, тітіркендіргіштік, дене массасының төмендеуі, несептің жиі бөлінуі, бүйрек тастарының түзілуі, нефрокальциноз. **Қарсы көрсеткіші:** жүктілік, гиперкальциемия, несептас ауруы.

#### *Азгадагы кальцийдің дефицитін толтыратын препараттар*

Бұл топшаға кальцитриол, тридин препараттары жатады. **Кальцитриол** (рокальтрол). **Фармакологиялық әсері.** Кальцитриол Д<sub>3</sub> витаминінің маңызды метаболиттерінің бірі болып табылады, негізінен ол бүйректе өзінің серігі 25-оксиколекальциферолдан түзіледі. Кальцитриол ішекте кальцидің сінірліуін қамтамасыз етеді. **Қолдануы.** Климактериялық остеопороз, бүйректің созылмалы жетімсіздігі бар науқастардағы бүйрек остеодистрофиясы, псевдодефицитті витамин-Д-тәуелді рахит.

#### *Шемірешек үлпасының алмасуына әсер ететін дәрілер*

Бұл топшаға афлутоп, румалон, хондроитин сульфат +диметилсульфоксид, хондроитин сульфат натрий жатады. **Афлутоп.** **Фармакологиялық әсері.** Хондропротективті, қабынуға қарсы, анальгетикалық, шемірешек үлпасының регенерациясын қуаттандыратын әсер көрсетеді. **Қолдануы.** Дегенеративті ревматикалық аурулар (гонартроз, коксартроз, остеохондроз, спондилез, қолмен аяқтың ұсақ буындарының артраздары). **Жанама әсері:** инъекция жеріндегі өтіп кететін дерматит, әлсіз миалгия, буынішілік енгізгеннен кейінгі артраптацияның қысқа уақытқа күшеюі. **Хондроитин сульфат натрий** (структурм, картилаг витрум). **Фармакологиялық әсері.** Шемірешек үлпасындағы фосфор-кальций алмасуына әсер ететін препарат жоғары молекулярлы полисахарид болып табылады. Тұтқырлығына

және химиялық құрылымының ерекшелігіне байланысты дәнекер үлпасының қысылуына кедергі жасайды. Ауырсынуды басатын және қабынуға қарсы әсер көрсетеді. **Қолдануы:** буындармен омыртқалардың дегенеративті-дистрофиялық аурулары. **Жанама әсері** сирек кездеседі. **Қарсы көрсеткіші:** препаратқа жоғары сезімталдық..

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Остеопороз қандай ауру?
2. Ағзадағы кальцийдің дефицитін толтыратын қандай препараттар білесіздер?
3. Остеомаляция қандай ауру?

**Тақырыбы: №2 Тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілер**

**Мақсаты:** Студенттерді тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру  
Дәріс тезистері.

Тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілерге бірнеше дәрілік топтар жатады:

1. Тыныс алу қуаттандырыштары
2. Жөтелге қарсы дәрілер
3. Қахырық түсіретін дәрілер
4. Бронх демікпесінде қолданатын дәрілер
5. Өкпе ісінуінде қоланатын дәрілер

**Тыныс алуды қуаттандыратын дәрілер**

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 33 беті

Тыныс алууды қуатандыратын дәрілер негізгі әсер ету бағыты бойынша келесі топтарға бөлінеді:

1. Тыныс алу орталығын тікелей активтендіретін дәрілер – бемегрид, этилизол, кофеин
2. Тынысты рефлекторлы түрде қуаттандыратын дәрілер (Н – холиномиметиктер) – цититон, лобелин гидрохlorиді
3. АРАЛАС әсерлі дәрілер – көмір қышқылы, кордиамин

### Жөтелге қарсы дәрілер

Бұл топтағы препараттар құрғақ, ауырсыну сезімін пайда ететін, азапты жөтелде қолданылады. *Әсер ету механизміне* байланысты препараттарды екі топқа бөлеміз: 1) орталық әсерлі дәрілер 2) шеткерлік әсерлі дәрілер. *Орталық әсері* бар дәрілердің *әсер ету механизмы*. Сопақша мидағы жөтел рефлексінің орталық бөлімдеріне тежеуші әсер көрсетеді. Бұл топ екі топшаға бөлінеді: 1) наркотикалық әсері бар жөтелге қарсы дәрілер – кодеин және оның препараттары (жөтелге қарсы таблеткалар, пенталгин, кодтерпин), этилморфин гидрохlorиді 2) бейнаркотикалық жөтелге қарсы таблеткалар – окселадин цитраты (тусупрекс, пакселадин), бутамират (стоптуссин), глауцин гидрохlorиді (глаувент).

### Қақырық түсіретін дәрілер

Қақырық түсіретін дәрілер бронхтың шырышты секрециясын және сұйылтуын жоғарылатып, оның жөтел кезінде шығуын жеңілдетеді. *Қолдану көрсеткіштері*: көбінесе қабыну процестерімен жүретін бронх-өкпе ауруында, бронх демікпесенде.

Қақырық түсіретін дәрілерді бірнеше топқа бөлуімізге болады: 1) *рефлекторлы әсер ететін* препараттарға ақмия препараттарын (тұнба, экстракт), жалбыз тікен, жалаң ми препараттарын жатқызамыз. Осы өсімдіктердегі алкалоидтарды ішке енгізгенде асқазан рецепторлерінің тітіркенуін пайда етіп, бронх бездерінің секрециясын рефлекторлы түрде жоғарылатады, сонымен бірге жыпылықтаушы эпителий активтілігі жоғарылап, бронх бұлышық еттерінің жиырылуы күштейеді. Қақырық көп, сұйық болып жөтелмен шығарылуы жеңілденеді. Үлкен дозада бұл препараттар рефлекторлы түрде құсады пайда ету мүмкін. Бірақ олар бұл мақсатпен қолданбайды. Ішке 30 минут тاماқ алдында белгіленеді. 2) *тікелей әсер ететін препараттарға* ккалий иодидін, натрий иодидін, натрий гидрокарбонатын, солуган, бронхосан препараттарын, эфир майларын жатқызамыз. *Әсер ету механизмы*. Тікелей бронхтың кілегейлі қабығының бездеріне әсер етіп, олардың секрециясын жоғарылатады. Бұл препараттарды ішке және ингаляциялық жолдармен енгізеді. 3) *Муколитиктер*. Олар екі топшаға бөлінеді: А) қақырық сұйылтатын дәрілер. Оларға муколитикалық ферменттер: ацетилцистеин, трисин, химотрипсин, карбоцистеин жатады. *Әсер ету механизмы*. Қақырық белоктарын және басқа молекулаларын ыдыратып, оның сұйылтуына әкеледі. Бұл дәрілерді ингаляциялық жолмен енгізеді. Б) Сурфактанттың пайда болуына әсер ететін дәрілер. Оларға: бромгексин (солвин), амброксол (амбробене, лазолван) жатады. Бұл препараттар бронх бездерінде синтезделінетін сурфактанттардың секрециясын жоғарылатып, қақырық бронхтармен жылжуын жақсартады. Көбінесе ішке таблетка және драже түрінде енгізеді.

### Бронх демікпесінде қолданатын дәрілер

БРОХ демікпесін алдын-алу үшін және бронхоспазмды жою үшін қолданатын дәрілер топтарының бірі бронхтарды қеңейтін (бронхолитикалық) дәрілер болып табылады. Бронхолитикалық дәрілер ретінде келесі топтар қолданады:

1. Адреномиметиктер мен симпатомиметиктер
  - А. α,β – адреномиметиктер – адреналин гидрохlorиді
  - Б. Симпатомиметиктер – эфедрин гидрохlorиді, солуган, теофедрин
- В – адреномиметиктер
  - α – адреномиметиктер
    - β1β2 – адреномиметиктер – орципреналин сульфаты, изопреналин гидрохlorиді (изадрин)
    - β2 – адреномиметиктер – сальбутамол, фенотерол, тербуталин, гексопреналин сульфаты, сальметерол, формотерол
  2. М – холиноблокаторлар

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 34 беті

- A. Таңдамалы әсер көрсететін – ипратропиум бромиді  
 Б. Таңдамалы емес әсер көрсететін – атропин сульфаты, платифиллин гидротартраты  
 3. Миотропты әсерлі спазмолитиктер – теофиллин, теопек, эуфиллин(амнофиллин), теофедрин

### Өкпе ісінуінде қолданатын дәрілер

Өкпе ісінуі жүрек-тамыр жүйесінің ауруларында, химиялық заттармен өкпенің зақымдануында, бірқатар инфекциялық ауруларда, бүйрек, бауыр патологияларында, ми ісінуінде дамуы мүмкін.

#### Өкпе ісінуінің негізгі патогенетикалық терапиясы

1. Артериялық қысым жоғары жағдайында өкпе ісінуін төмендеті үшін артериялық қысымын түсіру негізгі мақсат болып табылады. Осы мақсатпен ганглиоблокаторлар (пентамин, бензогексоний, гигроний), миотропты әсерлі тамыркенейткіш дәрілер (натрий нитропруссиді, нитроглицерин), α – адреноблокаторлар (фенотоламин) қолданады.
2. Қысым қалыпты болғанда өкпе ісінуін азайту үшін дегидратациялық (маннит) және несеп айдайтын (фуросемид, этакрин қышқылы) қолданады.
3. Альвеоланың ісінуінде оның қуысында пайда болатын көбік – гипоксияны пайда етеді. Бұл жағдайда көбікті басатын дәрілер қолданады. **Этил спирті** ингаляциялық жолмен енгізілгенде ол көпіршіктерді сұйықтыққа айналдырады. Кемшілігі - тыныс алу жолдарына тітіркендіргіш әсер көрсету мүмкін.
4. Өкпе ісінуін емдеуде қабынуға қарсы және иммунодепрессивті әсерлері бар глюкокортикоидтар (преднизолон гемисукцинаты) қолданылады.
5. Өкпе ісінуінің барлық жағдайларында оксигенотерапия емдеу әдісі қолданылады (оттегімен).
6. Өкпе ісінуінде кейбір жағдайларда, мысалы жректің жетіспеушілігінде жүрек гликозидтері (коргликон, строфантин К) қолданылуы мүмкін.
7. Жедел өкпе ісінуінде наркотикалық анальгетиктер де (морфин, фентанил) қолданылуы мүмкін. Олар шеткерлік артериялар мен веналардың кеңеюін пайда етіп, қан айналымың кіші шенберіндегі қысымның төмендеуіне әкеледі.

**Иллюстрациялы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Жетелдің қандай түрлерін білесіздер?
2. Қақырық түсіруші дәрілер қалай жіктеледі?
3. Өкпе ісінуі қандай симптомдарымен сипатталынады?

### Кредит №6

**Тақырыбы: №1 Аскорыту мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілер**

**Мақсаты:** Студенттерді аскорыту мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

**Дәріс тезистері.**

Ас қорыту мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілерге бірнеше дәрілік топтар жатады:

*Тәбетке әсер ететін дәрілердің жіктелуі*

- I. Катехоламинергиялық жүйеге әсер ететін дәрілер (ОЖЖ қуаттандыратын)
  1. Фенилалкиламин туындылары: фепранон (амфепрамон), дезопимон (хлорфентермин)
  2. Изоиндол туындысы – мазиндол (теронак)
- II. Серотонинергиялық жүйеге әсер ететін дәрілер (ОЖЖ тежейтін)
   
Фенфлурамин (пондимин)

*Сілекей бездерінің қызметіне әсер ететін дәрілер*

Сілекей бездерінің фармакологиялық реттенуі негізінен олардың иннервациясына әсер ету жолымен жүзеге асады. Холинергиялық жүйкелердің қозуы сұйық сілекейлердің мол бөлінуін болдыратыны белгілі, сондықтан M – холиномиметикалық активтілікке ие заттар (пилокарпин гидрохлориді, карбахолин, прозерин және т.б.) сілекейдің бөлінуін күштейтеді. Керінше M –

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 35 беті

холиноблокаторлар (атропин тобы) сілекей бездерінің секрециясын төмендетеді. Препараттардың соңғы тобы ғана практикалық маңызға ие. Оларды Паркинсон ауруы кезінде, ішек құрттардың инвазиясы, ауыр металдармен улану жағдайында пайдалы болатын гиперсаливацияда қолданады.

*Асқазан бездерінің қызметі бұзылғанда қолданатын дәрілер*

*Асқазан бездер секрециясын жоғарылататын дәрілер. Орынбасуыш терапиядағы дәрілер*

*Асқазан бездерінің секрециясын төмендететін дәрілер*

1. Таңдамалы M<sub>1</sub> – холиноблокаторлар  
Пирензепин гидрохлориді (гастроцепин)
2. H<sub>2</sub> – гистаминблокаторлар  
Ранитидин (ранисан, ранитин)  
Фамотидин (ульфамид)  
Циметидин (гистодил)
3. Протон насостарының ингибиторлери  
Омепразол (омез, омепрол)
4. Простагландиндердің синтетикалық туындылары  
Мизопростол (цитотек)

*Антацидті дәрілер*

*Гастропротекторлер Асқазан моторикасына әсер ететін дәрілер*

*Құсады пайды ететін және құсуға қарсы дәрілер*

*Құсуға қарсы дәрілер*

*От айдайтын дәрілер*

*От айдайтын дәрілердің жіктелуі*

I. Оттің пайда болуын қуаттандыратын дәрілер (холесекретиктер)

1. От қышқылдары мен тұздары: дегидрохоль қышқылы (дегидрохолин)
  2. От препараттары: холензим, аллохол
  3. Өсімдік препараттары: холагон, холосас, салаубас препараттары (фламин), жүгері препараттары
  4. Синтетикалық дәрілер – оксафенамид (осалмид)
- II. Оттің шығуын жеңілдететін дәрілер (холекинетиктер)
1. M - холиноблокаторлар: платифилин гидротартраты, атропин сульфаты
  2. Миотропты спазмолитиктер – дротаверин гидрохлориді (но-шпа)
  3. Рефлекторлы әсер ететін дәрілер – магний сульфаты

*Үйқы безінің экскремторлы функциясы бұзылғанда қолданатын дәрілер*

*Ішек моторикасына әсер ететін дәрілер*

*Іш айдайтын дәрілер*

*Жіктелуі*

I. Ішектің барлық аймағына әсер ететін дәрілер

1. Өсімдік текті – майсанда майы

2. Тұзды іш айдайтын: магний сульфаты, натрий сульфаты

II. Тоқ ішекке әсер ететін дәрілер

1. Өсімдік текті – сана препараттары (экстракт, антрасенин, сенаде)

2. Синтетикалық дәрілер: натрий пикосульфаты, бисакодил

**Иллюстрациялардың материалдары:** электронды слайдтар

**Әдебиет:** 1-Қосымша

**Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Панкреатит аурудың қандай түрлерін білесіздер?
2. «Алиментарлы семіздік» дегеніміз не?
3. «Анорексигенді дәрілер» қандай жағдайларда қолданылады?

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 36 беті

## Тақырыбы: №2 Жүрек қантамыр жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілер.

### Антагипертензивті дәрілер. Несеп айдайтын дәрілер

**Мақсаты:** Студенттерді жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

#### Дәріс тезистері.

Жүрек-тамыр жүйесіне әсер ететін дәрілердің жіктелуі. *Кардиотоникалық дәрілер:* 1) гликозидті: кулгін оймақтүл – дигитоксин, тұкті оймақтүл – дигоксин, целанид, строфант Комбе – строфантин К, меруерттүл – коргликон, жалынгүл – жалынгүл шебінің тұнбасы, адонизид. 2) гликозидті емес: дофамин, амрион; *Аритмияға қарсы дәрілер:* I. Тахиаритмияларды емдейтін дәрілер: 1. Натрий өзектерінің блокаторлары (хинидинтәрізді дәрілер; деполяризацияны азайтатын дәрілер): А. Ораша әсерлі натрий өзектерінің блокаторлары: Прокайнамид (новокайнамид), хинидин және оның ұзақ әсер ететін дәрілік түрлері, дизопирамид, морацизин; Б. Қықа уақыт әсер ететін натрий өзектерінің блокаторлары: Лидокаин, фенитоин (дифенин), мексилетин; С. Ұзақ уақыт әсер ететін натрий өзектерінің блокаторлары: Пропафенон (ритмонорм), аймалин, этацизин, аллапинин; 2.  $\beta$  – адреноблокаторлар: А – 1 бұныны –  $\beta_1\beta_2$  – адреноблокаторлар (кардиоселективті емес); Пропранолол гидрохлориді (анаприлин), окспренолол; Б – 2 бұныны –  $\beta_1$  – адреноблокаторлар (кардиоселективті); Метопролол (беталок); 3. Әсер потенциалының ұзақтығын жоғарылататын дәрілер: амиодорон, сotalol; 4. Кальций өзектерінің блокаторлары: верапамил (изоптин), дилтиазем; 5. Басқа топтар: А. Жүрек гликозидтері: Дигоксин, коргликон; Б. Калий препараттары: калий хлориді, калий және магний аспарагинаты (аспаркам); II. Брадиаритмияларды емдеуге арналған дәрілер: 1. М – холиноблокаторлар: Атропин сульфаты; 2.  $\beta_1\beta_2$  – адреномиметиктер: изопреналин сульфаты (изадрин). *Антиангинальды дәрілер:* I. Миокардтың оттегіне деген қажеттілігін азайтатын және оның қамтамасыз ететін құралдар: 1) Органикалық нитраттар: а) қысқа уақыт әсерлі нитроглицерин препараттары-нитроглицерин; б) ұзақ уақыт әсерлі нитроглицерин препараттары- нитроминт, нит-рет, тринитролонг, нитронг, сустак, нитродерм; в) нитроглицерин туындылары: Изосорбид динитраты (нитросорбид), изосорбид мононитраты (изомокад), эринит (диклоран); 2) Кальций антагонисттері: Нисредипин (фенигидин, коринфар), верапамил (изоптин), дилтиазем (ангизен, кардил), амлодипин (норвакс); 3) Әртүрлі құралдар – Амиодарон (кордарон); II. Миокардтың оттегіне деген қажеттілігін азайтатын құралдар ( $\beta$  – адреноблокаторлар (АБ-лар)): Анаприлин (Пропранолол), метопролол (беталок), талинолол (корданум), окспренолол (тразикор). III. Миокардтың қамтамасыз етуін жақсартатын құралдар: а) Миотропты әсерлі тәжкенейткіш құралдар: Дипиридамол (Курантил, персантин), молсидомин (корватон), карбокромен (интенкордин), дротаверин (но-шпа), папаверин гидрохлориді; б) рефлекторлы әсерлі тәжкенейткіш құралдар: валидол. *Антагипертензивті құралдар.* I. Нейротропты құралдар: 1) Вазомоторлы орталықтардың тонусын төмендететін құралдар: Клонидин (клофелин), метилдофа (допегит), гуанфацин (эстулик); 2) Симпатолитиктер: резерпин және резерпині бар препараттар (раунатин, адельфан), гуанетидин (октадин); 1) АБ-лар: А)  $\alpha$ - АБ – празозин ( $\alpha_1$ ); Б)  $\alpha_1$ ,  $\alpha_2$  -АБ – фентоламин, тропафен; В)  $\beta$ - АБ: а)  $\beta_1$ ,  $\beta_2$  - АБ (кардиоселективті емес): пропранолол гидрохлорид (анаприлин), пиндолол (вискен), надолол, окспренолол; б)  $\beta_1$  АБ (кардиоселективті): атенолол, метопролол (беталок), талинолол; в)  $\alpha$ ,  $\beta$ -АБ – лабеталол; 3) Ганглиоблокаторлар: бензогексоний, пентамин. II. Миотропты құралдар: 1) Артериолаларды кеңейтетін құралдар: Гидралазин (апрессин); 2) Артериолаларды және венулаларды кеңейтетін құралдар; 3) Натрий нитропруссиді; 4) Әртүрлі құралдар: Магний сульфаты, дібазол. III. Калий өзектерінің (каналшаларының) активаторлары: Миноксидал, диазоксид. IV. Кальций антагонисттері: Верапамил (изоптин), нифедипин (фенигидин). V. Ренин – ангиотензин жүйесіне әсер ететін құралдар: 1) ангиотензин II синтезін ингибиторлери (тежеушілері): Каптоприл (тензиомин), эналаприл (энап), трандолаприл (гоптен), периндоприл (коверекс); 2) Ангиотензин рецепторлерінің блокаторлары: Саралазин (лозартан). IV. Су – тұз алmasуына әсер ететін құралдар (диуретиктер): Гидрохлортиазид (дихлотиазид), фуросемид, этакрин қышқылы (урегит), клопамид, спиронолактон (вероширон).

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 37 беті

Несеп айдаушы құралдар көбінесе ағзадан көп мөлшерлі судың шығаруына және әртүрлі жағдайлардан пайда болған ісінүлерді жою үшін, АҚ төмендету үшін арналады. Кейір препараторды уланғанда химиялық заттарды ағзадан тез шығару үшін қолданылады.

### *Диуретиктердің жіктелуі*

- I. Бүйрек тұтікшелерінің эпителий функциясына тікелей әсер ететін диуретиктер
  - 1. Сульфаниламидты топшасы бар заттар
    - a) Тиазидтер – дихлотиазид (гидрохлортиазид, гипотиазид), циклометиазид (салимид), индапамид
    - b) Құрылышы әртүрлі заттар – фуросемид (лазикс, фрузикс), клопамид (бринальдикс), оксодолин (хлорталидон, гигротон)
  - 2. Дихлорфенилсірке қышқылының туындылары
    - Этакрин қышқылы (урегит)
  - 3. Ксантиnder – эуфиллин
  - 4. Птеридин туындылары – триамтерен (птерофен)
  - 5. Пиразиноилгуанидин туындылары – амилорид
- II. Альдостерон антагонистері
  - Спиронолактон (альдактон, верошпирон)
- III. Осмосты активті диуретиктер
  - Маннит (маннитол)

Бірінші топ препаратарының негізгі әсерін бүйрек тұтікшелерінің эпителий функциясына т жеуши әсерімен байланыстырады. Бұл натрий, хлор иондарының және сәйкес су мөлшерінің реабсорбциясын азайтады.

**Дихлотиазид.** Диастальды тұтікшелердің бастапқы бөлігіндегі натрий және хлор иондарының реабсорбциясын тежейді. Карбоангидразаға т жеуши әсеріне байланысты гидрокарбонаттың да реабсорбциясы төмендейді.  $K^+$  иондарының секрециясы жоғарылады. Магний иондарының экскрециясы бұзылады. Осы құбылыстар несеппен  $Na^+$ ,  $Cl^-$ ,  $K^+$ ,  $Mg^{+2}$  иондарының және гидрокарбонаттың шығуна әкеледі. Осыған қоса дихлотиазид зәр қышқылының шығуын төмендету нәтижесінде, гиперурикемияны шақыруы мүмкін. (Бұл жанама әсерге жатады). Ацидоз және алкоголь жағдайларында препарат активтілігі сақталынады. ІКТ арқылы жақсы сінірледі. Әсері 30-60 мин. кейін басталынып, максимальды әсері 2 сағаттан кейін болады. Жалпы әсер уақыты 8-12 сағат. Бүйрекпен шығарылады. **Қолданылуы:** диуретик ретінде гипотензивті құрал ретінде, глаукомада, қантты емес несеп шығаруында. Жанама әсері - негізгі гипокалиемия (оны алдын – алу және емдеу үшін калий хлоридін, “аспаркам”, “панангин” таблеткалары қолданылады), алкоголь, кейір кезде жүрек айнуы, құсу, іш өтуі, әлсіздік, гипергликемия, әртүрлі аллергиялық реакциялар. Ұқсас қасиеттер **циклометиазид** көрсетеді. Диҳлотиазидке қарағанда активтілігі 50 есе жоғары. Ұзак диуретикалық әсерлі препараттарға клопамид және оксодолин жатады. **Клопамидтің** активтілігі жоғары, әсер ұзақтығы 1 тәуліктен асады (орташа 8-18 сағат).

**Оксодолин** эффектісі 2-4 сағаттан кейін басталынып, 3 тәулікке дейін сақталынады. Диуретикалық қасиеттері.  $Na^+$  иондарының реабсорбциясының тежелінуімен байланысты. Екі препаратта АҚ түсіреді. ІКТ жақсы сінірледі. Бүйрекпен және ішектермен шығарылады. Қолдану көрсеткіштері және жанама әсерлері дихлотиазидке ұқсас. Активтілігі жоғары, тез және қысқа уақыт әсер етуші препаратқа **фуросемидті** жатқызады. Әсер ету механизмы: нефронағы  $Na^+$ ,  $Cl^-$  иондарының реабсорбциясын тежейді.  $Mg^{+2}$  және  $K^+$  иондарының шығуын жоғарылатады, бүйрек қан айналымын жоғарылатады. Бұл құбылыстар диурездің жоғарылауына әкеледі. Зәр қышқылын ағзада жиналуын шақыртады. Қүре тамырға енгізгенде, әсері 3-4 минутта басталып, 1-2 сағатқа созылады. Ишке енгізгенде 20-30 мин. кейін басталып, 3-4 сағатқа дейін сақталынады. Орташа гипотензивті активтілікке ие. **Қолданылуы:** артериялық гипертензияларда АҚ төмендету үшін, өкпе, бас ми ісінүерінде, химиялық заттармен жедел улану кезінде форсирленген диурез үшін. **Жанама әсері:** гипокалиемия, гипомагниемия, диспепсиялық бұзылыстар, бас ауру, бас айналу. **Этакрин қышқылы** фуросемидке қарағанда диуретикалық активтілігі төменірек. Қүре тамырға

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 38 беті

енгізгенде, әсері 15 мин. кейін басталып 3-4 сағатқа дейін созылады. Ішке енгізген жағдайда, әсері 60-90 мин кейін басталынып, 8 сағ. дейін созылады. Орташа гипотензивті активтілікке ие. Колданылуы: фуросемидке ұқсас. **Жанама әсері**: гипокалиемия, гипомагниемия, алкалоз, әлсіздік, бас айналу, іштің өтуі, есту қабілетінің төмендеуі. **Триамтерен** – ағзада  $K^+$ ,  $Mg^{+2}$  иондарының сакталуына әкелетін диуретиктерге жатады. Диуретикалық активтілігі төмен. Диурездің жоғарылауы дистальды тұтікшелердегі  $Na^+$ ,  $Cl^-$  иондарының реабсорбциясының тежелуімен байланысты. Ішектен жақсы сініріледі, 50% плазма белоктарымен байланысады. Максимальды эффектісі 2 сағат кейін байқалынады, әсер ұзақтығы 6-8 сағат. Колданылуы: қыстырылған түрде гипокалиемияны шақыратын диуретиктермен бірге береді. **Жанама әсері**: диспепсиялық күбылыстар, бас ауру, гиперкалиемия. Калий және магний сактағыш диуретиктерге **амилорид** препаратын жатқызады. Эффективтілігі бойынша дихлотиазидке қарағанда төмен. Ішке енгізіледі, әсері 2 сағ кейін басталынып, 24 сағатқа дейін сакталынады. Триамтерен сияқты гипокалиемияны шақыратын диуретиктермен қолданылады. Жама әсері: гиперкалиемия, құсу, жүрек айну, бас ауру.

### **Альдостерон антагонистері**

**Спиронолактон.** Альдостерон,  $Na^+$  иондарының ағзадан шығуын азайтады. Әсер ету механизмы - альдостерон әсер ететін рецепторлардың бөгетін жасап, несеппен  $Na^+$ ,  $Cl^-$  иондарының және судың шығуын жоғарылатады.  $K^+$  иондардың шығуын азайту нәтижесінде, олардың қандағы мөлшері жоғарылайды (калий, магний сактағыш диуретиктерге жатады). Активтілігі төмен диуретиктерге жатады. Әсері баяу басталынады (2-5 күн арасында), ішке енгізеді. Колданылуы - ісінүлер кезінде және гипокалиемияны шақырататын диуретиктермен бірге, гипертония кездерінде. **Жанама әсері** - бас айналуы, үйқышылдық, тері бөрітпелері, гиперкалиемия, гинекомастия. Бүйрек ауруларында қолданылмайды.

### **Осмостық диуретиктер**

Әсер ету механизмі – бүйрек тұтікшелеріне түскен кезде, олар осмостық қысымға байланысты  $Na^+$  иондарының және судың реабсорбциясын төмендетеді. **Манитті** – несеп айдаушы және дегидратациялық құрал ретінде (екпе, бас ми ісінуінде), химиялық заттармен уланған кезде қолданылады.

**Иллюстрацияллы материалдар:** электронды слайдтар

**Әдебиет: 1-Қосымша**

**Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

1. Жүректің ишемия ауруының қандай симптомдарын білесіздер?
2. Гипертония ауруының қандай симптомдарын білесіздер?
3. Гипертензияда диуретиктерді қандай мақсатта қолданады?
4. Несеп айдайтын дәрілер қалай жіктеледі?
5. «Форсиленген диурез» қандай препараттремен жүргізіледі?
6. Қандай ұзақ әсерлі несеп айдайтын дәрілер білесіздер?

<b>ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 39 беті

## 1-Қосымша

### Әдебиеттер:

#### Негізгі әдебиеттер:

1. Фармакология:оку құралы = Фармакология:учебное пособие / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 504 бет
2. Стикеева Р. К. Фармакология-1: оку құралы / Р. К. Стикеева. - Алматы: Эверо, 2016. - 148 бет.с.
3. Харкевич Д. А. Основы фармакологии: учебник. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 720 с.
4. Аляутдин Р. Н. Фармакология: учебник.- М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.-704 с.
5. Харкевич Д. А. Фармакология:окулық. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.-784 бет.
6. Рахимов К. Д. Фармакология :окуқұралы. - Алматы : ЖШС "Жания-Полиграф", 2014. - 554 бет.с.
7. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 1-кітап:окулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы: Эверо, 2013. - 656 бет.с.
8. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 2-кітап :окулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы: Эверо, 2013. - 512 бет.с.
9. Фармакология: учебник / под ред. Р. Н. Аляутдина. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 832 +эл.

#### Ағылшын тілінде

1. Katzung , Bertram G.Basic and Clinical Pharmacology [Text] : textbook / Katzung Bertram G. - 14 nd ed. - [S. l.] : McGraw-Hill education, 2018. - 1250 p.
2. Goodman end Gilman's , A. The Pharmacological Basis of Therapeutics [Text] : textbook / Goodman & Gilman's A. ; editor L. L. Brunton . - 13 nd ed. - New York : McGraw-Hill Education, 2018. - 1419 p.
3. Whalen Karen Pharmacology : lippincott Illustrated reviews / Karen Whalen ; ed.: Garinda Feild, Rajan Radhakrishnan. - 7th ed. - [s. l.] : Wolters Kluwer, 2019. - 593 p.

#### Қосымша әдебиеттер

1. Фармакология:нұсқаулық = Фармакология : руководство / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М.: "Литтерра", 2017. - 640 бет с.
2. Машковский М.Д. Лекарственные средства. 16.-е издание. перераб., доп. и испр. М. Новая волна. 2017. – 1216 с.
3. Микробқа қарсы дәрілердің фармакологиясы: оку құралы /Т. А. Муминов [ж/б.]; қаз. тіл. ауд. Н. М. Малдыбаева.- Алматы : Литер Принт. Казахстан, 2016.-552 бет. с.
4. Фармакология антимикробных средств : учеб.пособие / Т. А. Муминов. - Алматы: Литер Принт. Казахстан, 2016.
5. Фармакология:руководство к лабораторным занятиям : учеб. пособие / под ред. Д. А. Харкевича. - 6-е изд., испр. и доп. ; Рек. учебно-методическим объединением по мед. и фарм. образованию вузов России. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.- 512 с
6. Рахимов К. Д. Фитофармакология. Фармакология - Тезаурус. : оку құралы = Фитофармакология. Фармакология -Тезаурус : учеб. пособие. - Алматы: ЖШС "Жания-Полиграф", 2015. - 528
7. Фармакология негіздері және рецептурасы : окулық / М. З. Шайдаров [ж./б.]. - Астана:Ақнұр, 2014. - 398 бет. с.
8. Основы фармакологии с рецептурой: учебник / М. З. Шайдаров [и др.]. - Астана:Ақнұр, 2014. - 406 с.
9. Usmle Step 1. Pharmacology : Lecturer notes / D. Graig [et. al.]. - New York, 2019. - 321 р. - (Kaplan Medical)

#### Электронды басылымдар

1. Kharkevitch, D. A. Pharmacology:textbookformedicalstudents / D. A. Kharkevitch. - Электрон.текстовые дан. ( 83.9Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. Диск
2. Фармакология:оку құралы / ред. бас. Г. М. Пичхадзе = Фармакология : учебное пособие / под ред. Г. М. Пичхадзе. - Электрон.текстовые дан. (43.0Мб). - М. : "Литтерра", 2016.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/19
Дәріс кешені «Фармакология»	28 беттің 40 беті

3. Курс лекций по фармакологии для студентов стоматологического факультета. Стикеева Р.К., Коранова Т.С. , 2014 <https://aknurpress.kz/reader/web/1384>
4. Орманов Н.Ж., Сырманова Н.Р., Орманова Л.Н. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология-Алматы: Эверо, 2020. [https://elib.kz/ru/search/read\\_book/743/](https://elib.kz/ru/search/read_book/743/)
5. Стикеева Р.К. Фармакология – 1 - учебное пособие. - Р.К.Стикеева.- Алматы: Эверо, 2020. [https://elib.kz/ru/search/read\\_book/2742/](https://elib.kz/ru/search/read_book/2742/)
6. Стикеева Р.К. Фармакология-І.- оқу құралы.- Стикеева Р.К. – Алматы Эверо.- 2020.[https://elib.kz/ru/search/read\\_book/2741/](https://elib.kz/ru/search/read_book/2741/)
7. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-1. Алматы. «Эверо» ЖШС. 2020. [https://elib.kz/ru/search/read\\_book/735/](https://elib.kz/ru/search/read_book/735/)
8. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-2. «Эверо» ЖШС. Алматы, 2020. [https://elib.kz/ru/search/read\\_book/736/](https://elib.kz/ru/search/read_book/736/)